МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №78 (6213) 9 шілде, сенбі, 2022 жыл.




ҚАЛА-ҚАРБАЛАС



## ТАТУЛЫҚ – ТАБЫЛМАС БАҚЫТ

6

ТҰРҒЫНҮЙ



## ЖАҢА ИПОТЕКА ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

7

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



## БӨЛЕК ТУЫП, БІРГЕ БАТҚАН ҮШ ЖҰЛДЫЗ

24

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**
*(бүгін және ертең)*

**9.07.2022**

Түнде:
+17+22 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+24+26 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр.

Желдің жылдамдығы: 2-7м/с

**10.07.2022**

Түнде:
+17+19 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+27+29 °C
Көшпелі бұлтты, -өткінші жаңбыр.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

# МАҢЫЗЫ ЗОР МЕГАПОЛИС ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ




Алматы қаласының әкімі елордада есеп берді

**Шаһар басшысы Ерболат Досаев Нұр-Сұлтан каласындағы брифингте Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады. Баяндама барысында шаһар басшысы көкейкесті мәселелерге тоқталып, олардың шешіміне қатысты ойларын айтты. Алдағы уақытта Алматы агломерациясын дамытудың кешенді жоспары қабылданып, алматылықтар оңды өзгерістерге куә болмақ.**

4–5

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

# ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



**Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жариялаған кестеге орай биыл Құрбан айт мерекесі 9-11 шілде аралығына сәйкес келіп тұр. Бүгін – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні!**

Құрбан айтқа қатысты материалдарды 2, 3 және 21-беттен оқи аласыздар.

ҚЫСҚА...

- Пандемияның жаңа толқынына орай Алматыда 250 реанимациялық орынды 23 ковидтік клиника дайындалды.
- Алматыда құрбандық шалуға арнайы 13 орын бекітілді.
- Алматыда өрттің табиғи ошақтарын ерте анықтау үшін бейнекамералар пайдаланылады.
- Мегаполисте ағымдағы жылдың 6 айында 3,3 мың орынды 54 балабақша ашылды.
- Әкімдік ғимаратындағы жөндеу жұмыстарының аяқталуы 2023 жылғы наурыз айына жоспарланып отыр.
- Биыл Алматыда 145 мың ағаш отырғызылды, жыл соңына дейін тағы 360 мың ағаш отырғызу жоспарда бар.
- Алматылықтарға коронавирус вакциналарының 250 мыңнан астам данасы қолжетімді.

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

ПРЕЗИДЕНТ

# ТАСЫМАЛДАУ САЛАСЫН ДАМЫТУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

## Мемлекет басшысы көлік-транзит әлеуетін дамыту жөнінде кеңес өткізді

**Президенттің төрағалығымен еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөнінде кеңес өтті. Жиынға Үкімет басшылығы, салалық министрліктер мен ведомстволардың, ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.**




Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласының Қазақстан экономикасында ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Оның айтуынша, өңірлердің өзара қарым-қатынасын жандандыру үшін бұл саланың маңызы зор. Дегенмен, геосаяси жағдай мен санкциялық текетірес дәстүрлі көлік-логистика желісін өзгеріске ұшыратты.

Жиын барысында қарым-қатынастар мен жүк жеткізетін балама бағыттарды, сондай-ақ тасымалдау ісін әртараптандыруды пысықтау қажеттігі айтылды.

Президенттің пікірінше, отандық өнімнің экспортқа қауіпсіз әрі үздіксіз шығарылуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Мемлекет басшысы еліміздің Орталық Азия аймағындағы көшбасшылығын сақтап, Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде дамыту керек екенін айтты. Осы мақсатта балама теміржол бағыттарын қалыптастыру қажет. Бұл жерде Достық – Мойынты, Бақты – Аягөз, Мақтаарал – Дарбаза жобаларын жүзеге асыру, Алматы қаласын айналып өтетін теміржол желісін салу жөнінде сөз болып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев темір жол паркінің жұмысын жандандыру және жолдарға күрделі жөндеу жүргізу жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

*– Отандық теміржол саласында машина жасау ісін дамытуға баса мән беру қажет. Оның алғышарттары бар. Қазақстандық өндірушілерді белсенді түрде қолдау керек,* – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясын толықтай жаңғырту қажет деп есептейді.

*– Қазақстан темір жолын ұлттық көлік-логистика компаниясы ретінде трансформациялайтын уақыт келді деп ойлаймын. Бұл ҚТЖ-ның мандаты мен міндеттерін кеңейтуге, компанияға еліміздің көлік-транзит әлеуетін дамыту жұмыстарын кешенді түрде жүргізуге мүмкіндік береді,* – деді Президент.

Мемлекет басшысы теңіз арқылы тасымалдау ісін дамытуға ерекше назар аударды.

*– Қазақстан теңіз арқылы тасымалдау әлеуетін толық пайдаланған емес. Қазір заман басқа. Үкіметке порттарымызды Каспий теңізінің жетекші хабтарының біріне айналдыра отырып, трансформациялау жөнінде стратегиялық міндет жүктедім. Теңіз флотын нығайтып, Ақтау портында контейнерлік хаб құру қажет деген ұсыныспен толық келісемін,* – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай тасымалдау ісін әртараптандыруды тағы бір маңызды міндет ретінде атап өтті.

*– Транскаспий бағдары басым бағыт саналады. «ҚазМұнайГазға» оны жүзеге асырудың оңтайлы нұсқасын, соның ішінде Теңіз жобасының инвесторларын тарту мүмкіндігін пысықтауды тапсырамын. Үкімет «Самұрық-Қазынамен» бірлесіп, Атырау – Кеңқияқ және Кеңқияқ – Құмкөл мұнай құбырларының қуатын арттыру жөнінде шаралар қабылдауы қажет,* – деді Президент.

Автожол инфрақұрылымын дамыту мәселесі де маңызды салалардың бірі. Мемлекет басшысының айтуынша, ең алдымен, құрылысы басталған магистральды бағыттардағы (Ақтөбе – Қандыағаш – Мақат, Атырау – Астрахань, Алматы – Қарағанды және Талдықорған – Өскемен) қайта жаңарту жұмыстарын уақытылы әрі сапалы аяқтау қажет.

Сонымен қатар, Президент бюджет қаражатын тиімді пайдалану және отандық компанияларды кеңінен тарту қажет екеніне назар аударды.

*– Жобаларды жүзеге асыру барысында бюджетті барынша тиімді пайдалану және отандық өнімдердің көлемін арттыру басты қағидат болуы керек,* – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Үкіметке жыл соңына дейін кедендік рәсімдеу үдерісін және шекаралық бақылауды толық автоматтандыру тапсырылды.

Жиын барысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев, Энергетика министрі Болат Ақшолақов, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев баяндама жасады. Сондай-ақ, талқылауға Премьер-министр Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев қатысты.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

ҚҰРБАН АЙТ

# МЕЙІРІМДІЛІК МЕРЕКЕСІ

**Қадірлі бауырлар!**

**Сіздерді исі мұсылманның ұлық мейрамы – Құрбан айттың келуімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Баршаңызға амандық пен саулық, бақыт пен береке тілеймін.**

Асыл дінімізде зұлхижжа айының алғашқы он күні қасиетті саналады. Бұл туралы Құранның «Фәжр» сүресінің алғашқы екі аятында: «Таң шапағына серт. Және (мүбәрак) он түнге серт» деп баяндалған.

Һижри жыл санауы бойынша 1443 жылдың зұлхижжа айының басталуы 30 маусым болып бекітілді. Ал арапа күні 8 шілдеге сәйкес келеді. 9 шілде – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні. Зұлхижжа айының алғашқы он күнінде барынша ықыласпен құлшылық етіп, көбірек жақсы амалдар жасауға тырысқан жөн. Өйткені, хадистерде осы уақытта орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған.

Ал арапа күні ораза тұту – сүннет. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Арапа күні ораза ұстау арқылы Алладан өткен және келесі жылдың күнәсін кешіруді үміт етемін»,* – деген.

Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде жағдайы келген мұсылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбан шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған.

Құрбан айтта орындалатын негізгі ізгі амалдың бірі – құрбан шалу. Бұл туралы ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам баласы құрбан айт күні құрбан шалудан өзге амалымен Аллаға жақындаған емес...» деген.

Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы осында жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят) делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниет еткен пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несібесіне шүкір етеді. Құдайдың нәсіп еткен мал-дүниесінің бір бөлігін көмекке мұқтаж жандарға үлестіріп, олардың да ақысын беріп, қуанышқа бөлейді. Өйткені, Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Парыз амалдан кейінгі Аллаға ұнамды іс – мұсылманның жүрегіне қуаныш сыйлау» деген.

Халқымыз «Бота алғанша бата ал» дейді. Үлкеннің, жалпы көмекке мұқтаж жандардың алғысын алып, батасына бөлену – айт кезінде орындалатын сауапты істің бірі. Мұсылман баласының ұлық күнде шынайы ниетпен құрбан шалып, құрбандық етін мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, олардың алғысын алуға тырысатыны сондықтан.

Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын колдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұрт күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Құрбан айттың негізгі мәні мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру екенін естен шығармаған абзал. Алланың рақым нұры төгілетін айтта жұртшылығымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Жаратушы Иеміз Құранда: «Өздерің жақсы көрген нәрсені Алла жолына жұмсамайынша игілікке жетпейсіңдер» («Әл-Имран» сүресі, 92-аят) деп баяндаған. Ал ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «..Кімде-кім мұсылман бауырының қажетіне жараса, Алла Тағала да оның қажетін өтейді...» деген. Ендеше, өзгеге қуаныш сыйлап, өзімізге де жақсылық жасайық, ағайын. Халқымыз «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деп бекер айтпаса керек.

Расында, Жаратушы Алла Тағалаға жақындататын себептердің бірі – адамдарға көмектесу, игілік жолында мал жұмсау. Раббымыз Алла өз дүниесінен жақсылыққа жұмсаған адамның мал-мүлкіне береке беріп, отбасына мағыналы өмір сыйлайды. Себебі, өзгеге жәрдем берген кісінің өмірі мағыналы болады. Құранда Хақ Тағала: «Сендер игілік жолында не сарп етсеңдер де, Алла оның орнын толтырады. Ол ризық берушілердің ең қайырлысы» («Сәбә» сүресі, 39-аят) деген.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Дүние – ақырет егістігі» деген. Мұндайда халық даналығы «Не ексең – соны орасың» демей ме?! Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құдси хадисте былай дейді: «Жаратушы Алла Тағала: «Уа, адам баласы! Менің жолымда мал-мүлкіңді сарп етсең, оның қарымын аласың» дейді».

Алла Тағала елімізге амандық, жұртымызға тыныштық бергей. Жаратушы Жаббар Иеміз ізгі ниетпен шалған құрбандығымызды, берген садақамызды, әрбір ізгі амалымызды, ал қажылық сапарында жүрген жерлестеріміздің қажылығын қабыл еткей. Айттан айтқа аман-есен жете берейік. Әумин!

**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,**
**Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,**
**Бас мүфти.**

ҮКІМЕТ



# «НҰР-СҰЛТАН – АЛМАТЫ» АВТОЖОЛЫ АШЫЛАДЫ

**ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов жұмыс сапарымен Қарағанды облысына барды. Үкімет басшысы өңірде бірқатар өнеркәсіптік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандарды аралап, Теміртау және Саран қалаларында жаңа жобалардың іске асырылу барысымен танысады, сондай-ақ жалпы Қарағанды облысының кешенді әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңес өткізеді.**

Әлихан Смайылов өңірде бірінші кезекте Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларын байланыстыратын «Орталық-Оңтүстік» халықаралық транзиттік дәлізінің бір бөлігі «Қарағанды–Балқаш–Сарышаған» автожолын (1492,4-2005 км. учаскесі) реконструкциялау барысымен танысты. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мейірхат Қасымбаевтың айтуынша, жобаны 2023 жылдың желтоқсанында толық аяқтау жоспарланған.

Оның айтуынша, биыл жол жамылғысының құрылымдық қабаттарын төсеу, жасанды құрылыстарды монтаждау және жол-құрылыс материалдарын дайындау жұмыстары жалғасады. Мәселен, республикалық маңызы бар «Қарағанды–Балқаш» және «Балқаш–Бурылбайтал» және т.б. автожолдарда кең ауқымды жол-құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жұмыстар барлық 8 учаскеде қайта басталды. Сонымен қатар, көлік қозғалысы айналма және топырақ төселген жолдармен жүзеге асырылатын учаскелердің санын қысқартуға баса назар аударылады. Реконструкциялау жұмыстары аяқталғаннан кейін бұл трассалар төрт жолақты I техникалық санатқа сәйкес келетін болады.

*«Жоба жол жүру уақытын айтарлықтай қысқартып, қауіпсіз және жайлы қозғалысты қамтамасыз етеді. Жаңартылған автожол Балқаш көлінің туристік кластерін дамытудың драйверіне айналады және жаңа жұмыс орындарын құруға ынталандырады»,* – деді Әлихан Смайылов.

Сондай-ақ, Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек үкіметтік делегация мүшелерін өңірдің жол-көлік инфрақұрылымын дамыту барысы туралы хабардар етті, оның нәтижесінде көлік әлеуеті артып, бірқатар жолдар жоғары техникалық санатқа ауыстырылуы тиіс.

Үкімет басшысы баяндамамен танысып, облыс басшылығына бірқатар тиісті тапсырмалар берді

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

АССАМБЛЕЯ

# ТАТУЛЫҚ – ТАБЫЛМАС БАҚЫТ

**«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» стратегиясы шеңберінде алдағы кезеңге арналған перспективалық міндеттер айқындалды**

**Кеңес барысында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің қорытындыларын шығару және «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» стратегиясы шеңберінде алдағы кезеңге арналған перспективалық міндеттер айқындалды.**






*Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.*

Сессия жұмысына Алматы қаласының әкімі, Алматы ҚХА төрағасы Ерболат Досаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары, Алматы ҚХА төрағасының орынбасары Арман Қырықбаев, Алматы қаласы ҚХА мүшелері, Алматы қаласы ҚХА этномәдени бірлестіктерінің төрағалары мен белсенділері, Қоғамдық келісім кеңесінің төрағалары мен мүшелері қатысты.

Ерболат Досаев құттықтау сөзінде Ассамблея жұмысына қатысты реформалардың мәнін түсіндіріп өтті. Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің қызметтеріне баға беріп, жыл бойы атқарған жұмыстарына алғысын білдірді.

*«Жақында біз еліміздің басты заңы – Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумға қатыстық. Ұсынылған түзетулерді еліміздің сайлаушыларының 2/3-ден астамы қолдады. Ассамблеяның қызметіне қатысты Мәжілістегі ҚХА-ның қазіргі квотасын жою бойынша түзетулер енгізілді, бұл ретте Ассамблеядан бес депутат парламенттің жоғарғы палатасында, Сенатында өкілдік ететін болады. Осыған байланысты Сенат депутаттарының кандидаттарын іріктеудің тиімді әрі ашық рәсімін әзірлеу міндеті алда тұр. Осы мәселелердің барлығы жаңартылған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңда көрініс табады. Жалпыұлттық диалогтың әмбебап моделі құрылтай болды, оның алғашқы отырысы 16 маусымда Президентіміздің басшылығымен өтті. Құрылтай құрамына депутаттар, сарапшылармен, құқық қорғаушылармен, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен қатар Алматы қаласы республикалық Ассамблеясының мүшелері де кірді. Бүгінгі таңда Ассамблеяның қоғамдық құрылымына Мемлекет басшысының осы Жолдауын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінуде»,* – деді қала әкімі.

Әкімнің орынбасары Арман Қырықбаев ағымдағы жылы қалалық ҚХА орындаған жұмыстардың қорытындысын шығарды.

*«Ассамблея қоғам арасында келісім мен бейбітшілікті нығайтуға бағытталған 250-ден астам іс-шара өткізді. Сондай-ақ, ҚХА әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді қатысады. Мәселен, Ассамблеяның Қоғамдық келісім кеңесі бүгінгі таңда азаматтардың 50-ден астам өтінішін қарады. Мысал ретінде кәмелетке толмаған үш баланы тәрбиелеп отырған азамат Масляновты келтіруге болады. Оған Ассамблея мүшелері жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетті, үш айға тұрғын үйінің қаржысын төлеп бердік. Сондай-ақ, жұмыс беруші мен жалдамалы қызметкерлер арасындағы татуластыру рәсімдері арқылы жұмыс берушілер тарапынан еңбек шартын заңсыз бұзу дауларын шешу бойынша екі азаматқа жәрдем көрсетілді. Мұндай мысалдар өте көп»,* – деді ол.

Алматы ҚХА төрағасы орынбасарының айтуынша, Ассамблея мүшелері арасында меценаттар аз емес. Жыл басынан бері Ассамблея 80 миллион теңгеден астам қаржыға 62 қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырды. Мегаполис тұрғындарының әлеуметтік осал топтарына жататын 5779 адамға қолдау көрсетілді.

*«ҚХА қаңтар қақтығысында орын алған қайғылы оқиғалардың салдарын жоюға, зардап шеккендерге және халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына көмек көрсетуге, блокпосттардағы құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және коммуналдық қызмет қызметкерлеріне ыстық тамақ жеткізуді ұйымдастыра отырып, белсенді қатысқан алғашқы ұйымдардың бірі. Жалпы, осы кезеңде біздің этномәдени бірлестіктеріміз 52 миллион теңгеден астам сомаға көмек көрсетті. Бүгінде көмек көрсету түрлі бағыттар бойынша жалғасуда. Мәселен, қалалық ассамблеяның Аналар кеңесі этномәдени бірлестіктермен бірлесіп, үстіміздегі жылдың 11 мамырында Алатау ауданындағы екі қабатты жатақхананың өртенуінен зардап шеккен қаламыздың 48 тұрғынына көмек көрсетті. Этномәдени бірлестіктер әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға белсенді қатысады. Қаладағы барлық іс-шаралар, әсіресе мерекелік және Республикалық маңызы бар іс-шаралар қалалық Ассамблея мүшелерінің белсенді қатысуымен өтеді»,* – деп атап өтті Арман Қырықбаев.

Отырыс барысында Алматы қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, қазақстандық орыс мәдени орталығының төрағасы В.А.Лукашев орталықтың ерекшеліктері мен қызметтеріне тоқталып өтті.

*«Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі жалпыұлттық татулық пен бірлікті нығайту, бейбітшілікті сақтау жөніндегі маңызды мемлекеттік миссияны атқарады. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілердегі жұмысқа баса назар аударған маңызды, қазақстандық қоғамдағы этносаралық келісімді, азаматтық бірлік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған ақпараттар тұрақты түрде жарияланып отыр. Сондай-ақ, біздің тарапымыздан түрлі этностардың мемлекеттік тілді үйренуіне жағдай жасалуда. Жастарды Ассамблеяның іс-шараларына қатысушылар ретінде ғана емес, ұйымдастырушылар рөлінде де қарастырып келеміз. Бүгінде жастар саясаты басқармасы құрылды, қазіргі уақытта 2025 жылға дейін жастарды қолдаудың Жол картасы әзірленуде. Ассамблея бұл жұмысқа белсенді атсалысып келеді»,* – деді В.А.Лукашев.

Қазақстан Президенті, ҚХА Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында Ассамблеяның азаматтық бірлікті нығайтуға қосқан үлесі зор екенін атап өтіп, ҚХА-ның жаңа болмысында бейбітшілік пен келісім саясатының берік институционалдық тірегі болып қала беретініне сенім білдірді. Қ.Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің үш негізгі басымдығын анықтап берді. Бұл – ҚХА-ның саяси реформаларды іске асырудағы рөлін күшейту, ақпараттық жұмысты күшейту және ҚХА-ның қоғамдық әлеуетін жандандыру және құқық қорғау қызметін күшейтуге үлесін қосары сөзсіз.

Жиын барысында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірленді.

ҚҰРБАН АЙТ

# АРНАЙЫ ОРЫНДАР БЕЛГІЛЕНДІ

**Алматыда құрбандық шалу рәсімін жасау үшін 13 орын бөлінді**

**Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында сөз сөйлеп, қала тұрғындары мен қонақтарын келе жатқан Құрбан айтпен құттықтады. Ол биыл мұсылман мерекелерінің бірі – Құрбан айт 9–11 шілде аралығында өтетінін айтты.**



*«Құрбан айт мерекесі кезінде мұсылмандар қой, сиыр, ешкі немесе түйені құрбандыққа шалады. Құрбандық шалу адамның Құдайға деген рухани ниетін білдіреді. Мереке форматы өткен жылдың үлгісі бойынша сақталады. Құрбан шалуды Алматыда онлайн және офлайн форматта да жасауға болады»,* – деп түсіндірді Бас имам.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы онлайн форматта құрбандық шалу үшін арнайы www.qurban2022.kz сайтын әзірледі, қашықтықтан қайырымдылық жасағысы келетіндер осы сайттан құрбандыққа шалынатын жануарды таңдап, көрсетілген мәліметтер бойынша қажетті қаражатты аудара алады.

Төлеби Оспан құрбандық шалудың бүкіл процесі бейнежазба режимінде өтетінін, дұға кезінде рәсімге тапсырыс бергендердің есімдері айтылатындығын атап өтті.

Сонымен қатар, сайт арқылы барлық мұқтаж отбасылар құрбандық етін алуға өтініш қалдыра алады.

*«Құрбандық шалуды офлайн форматта жүзеге асыру үшін Алматы қаласының әкімдігі 13 орынды бекітті, онда құрбандыққа шалынған малды союға және сатуға рұқсат етілген»,* – деп жалғастырды Алматы қаласының бас имамы.

Құрбан шалудың барлық орындарында, сондай-ақ қала мешіттерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында 9–11 шілде аралығында әкімдік, полиция, ветеринарлық қызмет және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдары қызметкерлерінің кезекшілігі ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, дін қызметкері карантиндік талаптар мен құрбандық шалу тәртібін сақтау қажеттігін еске салды.

Брифингте Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Қарлығаш Әбдіжаббарова Алматының эпидемиологиялық жағдай матрицасының «сары» аймағында тұрғанын еске салып, қала тұрғындарын тар отбасылық шеңберде тойлаумен шектелуге, коронавирустың таралуын тоқтату үшін жаппай іс-шаралар өткізбеуге шақырды.

**Құрбан айт мерекесі кезінде Алматы қаласының аумағында құрбандыққа шалатын малды союға және сатуға рұқсат етілген орындар тізімі:**

**АЛАТАУ АУДАНЫ:**
**– «Мырзахмет» мешіті, «Қарасу» ш/а, Солтүстік айналма тас жолы, 15;**
**– «Әскер ата» мешіті, «Әйгерім-1» ш/а, Бенберин көш., 18/4;**
**– «Алғабас» мешіті, «Алғабас» ш/а, Ақбөпе көш., 6;**
**– Әл-Азим мешіті, «Бұрындай» ш/а, Азат көш., 20 А.**

**БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ:**
**– «Бақыткелді» мешіті, «Хан-Тәңірі» ш/а, Дулати даңғылы, 27/11;**

**ЖЕТІСУ АУДАНЫ:**
**– «Вайнах» мешіті, Айтықов көшесі, 1 А.**

**МЕДЕУ АУДАНЫ:**
**– «Аманқұл ата» мешіті, Т.Бигелдинов к-сі, 5;**
**– «Фатима» мешіті, Ш.Жәнібек көшесі, 148;**
**– «Райымбек батыр» мешіті, «Думан-1» ш/а, Хан Тәңір көш., 1.**

**НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ:**
**– «Қалқаман-2» мешіті, «Қалқаман-2» ш/а, Аспандияров көшесі, 84;**
**– «Қарағайлы» мешіті, «Қарағайлы» ш/а, Қ.Надыров көшесі, 1 А;**
**– Таусамалы базары, «Таусамалы» ш/а, Қонаев көш., 35 Б.**

**ТҮРКСІБ АУДАНЫ:**
**– «Қайрат» мешіті, «Қайрат» ш/а, Сарымолдаев көш., 22.**

**Бетті әзірлеген Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.**

ӘКІМ

# МАҢЫЗЫ ЗОР МЕГАПОЛИС

## Алматы қаласының әкімі Елордада есеп берді

*(Басы 1-бетте)*

### Алматының даму жоспары қабылданады

Ерболат Досаевтың айтуынша, қала экономикасының тұрақты өсуі қамтамасыз етілді. Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша **қысқа мерзімді экономикалық индикатор 107,6%-ке дейін өсті.**

Осы жылдың басынан бері **16,3 мың** жұмыс орны құрылды. **3,3 мың** орынды **54 балабақша** ашылды, **45 шақырым** инженерлік желі салынды. Газбен жүретін 300 автобус сатып алынды, 145 мың ағаш отырғызылды.

**Биылғы жылдың қыркүйек айына дейін** Алматы агломерациясын дамытудың кешенді жоспары **әзірленеді.** Бұл жоспарда мегаполис пен Алматы облысы синергиясының жобалары айқындалатын болады. Бұл жерде атап өтетіні, қала әкімі жоспарды құру барысында ашық деректерге сүйенген, осыған дейін орындалмаған немесе толықтай қабылданбаған кешенді жоспарлардан пайдалысын іріктеп алған.

Ағымдағы жылдың 27 маусымында **қоғамдық** талқылау үшін Даму жоспарының **негізгі басымдықтарының жобасы жарияланды.**

Жоспар **13,6 мыңнан** астам қаралым жинап, **400-ге жуық** (392) адамнан **1280 пікір** мен жауап алынды. Ұсыныстардың басым бөлігі **жайлы қалалық** ортаны құруға (282 ұсыныс) және **экология мен абаттандыру** мәселелеріне (231 ұсыныс) қатысты болды.

**4 шілдеде «Даму жоспарының негізгі басымдықтары» таныстырылды** және мәслихат депутаттары мен сыртқы сарапшылардың қатысуымен өткен Қоғамдық кеңес **отырысында мақұлданды.**

*«Алматыны дамытудың негізгі басымдықтарын іске асыру жөніндегі жоспар алдағы 2 айдың ішінде – осы жылдың 5 қыркүйегіне дейін бекітілетін болады»,* – деп хабарлады қала әкімі.




СҰРАҚ-ЖАУАП

# ЖЫЛ СОҢЫНДА

**Қала әкімі Ерболат Досаев Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында баяндама жасаған соң, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді. Сұрақ-жауап барысында шаһар басшысы нақты мәселелерден бөлек, жалпы қала аумағын қамтитын әлеуметтік-экономикалық сауалдардың шешімін айтты.**

Журналистер тарапынан алғашқы сұрақ нөсер жаңбыр мен арық жүйесіне қатысты және «Алматы жастары» бағдарламасына байланысты қойылды.

**– Биыл нөсер жаңбыр кезінде неге қала көшелерін су басып қалып жатыр? Осы бағытта қандай жұмыс жасап жатырсыздар? Екінші, келесі жылы «Алматы жастары» бағдарламасы жалғаса ма?**

– Соңғы үш айда жауын-шашын өте көп көлемде жауып жүр. Мен біздің климат саласындағы мамандармен кездестім. Олар мұндай ауа райының енді тұрақты болатынын растады. Сондықтан алдағы жоспардың басым бағыттары бойынша 102 учаскенің 56-сы осы жылдың соңына дейін ретке келтіріледі. Келесі жылы тағы 46 учаске жөнделеді. Сонымен қатар, қалада 16 коллектор бар, олардың 12-сі тоқтап тұр, ал қалған 4-еуі 30%-ға ғана жұмыс істейді. Жұмыс істемейтін 12 коллектор жыл соңына дейін жөнделетін болады. Менің ойымша, бұл негізгі мәселені шешуге көмектеседі. Бірақ бағдарлама үш жылға есептелген, сондықтан біз бүкіл нөсерге қатысты жүйені ретке келтіруді ұйғардық. Сондай-ақ, арық желісін жаңғырту мен дамыту өте маңызды. Қазіргі уақытта арықтардың 1500-ге жуық пункті тұйық болып табылады, яғни су ешқайда ағып кетпейді. Сондықтан бізге 300 шақырымдық арықтарды жаңғыртып, оларды коллекторларға жеткізу керек. Бұл жұмыс 2022–2024 жылдары жүргізілетін болады. Жыл соңында алматылықтар жұмыс нәтижесін көреді деп үміттенемін, – деді қала басшысы. Сонымен қатар, Е.Досаев «Алматы жастары» бағдарламасын қаржыландыру жалғасатын болса, оның әрі қарай да қолданылатынын айтты.

### Бас жоспар жаңарады

БАҚ өкілдерін қызықтырған мәселелердің қатарында Алматы бас жоспарының жағдайы және қаланың мәдени дамуының бағыттары болды.

– Қазіргі бас жоспар 2002 жылы бекітілді және ол 2030 жылға дейін жалғасады. Соңғы 10 жылда халық саны 2 млн 100 мың адамға дейін өсті, қаланың өзі 2 есе ұлғайды. Соңғы бірнеше жылда айтылған жоспарға түзетулер дайындалып келеді. Меніңше, 7,5 жылдық жоба қаланың дамуы үшін аздық етеді. Жаңа жоспар 2040 жылға дейін жасалады және ол 2022 жылдың соңына дейін қабылданады деп үміттенемін. Оның негізінде шаһардың тек оңтүстік бөлігін ғана дамыту емес, қаланың көпорталықты дамуы бойынша жұмыс жүргізіледі. Қалада 5 орталық болады, – деп жауап берді қала әкімі Е.Досаев. Сондай-ақ, шаһар басшысы қаңтардағы оқиғалар мен пандемиядан кейін, эпидемиологиялық жағдай өзгерген соңғы 5 айда қаланың мәдени өмірі қызықты болғанын айтты және алдағы «Алматы күні» 100-ден астам іс-шара өткізуді жоспарлап отырғанын хабарлады.

**– Қаладағы электрсамокат, мопед мәселесі қашан шешіледі? – деп БАҚ өкілдерінің бірі келесі сұрақты қойды.**

*– ІІМ қазір заңнамалық өзгерістер дайындап жатыр, күзде Парламент пен Мәжілісте қаралатын шығар. Бірақ одан басқа электрсамокат туралы жаңа техникалық стандарт шығармақшы, ол стандарт қабылданғаннан кейін біз Алматыда Мәжіліспен қосылып, жаңа өзгерістермен қосымша актерді қабылдауға дайынбыз. Бірақ одан бөлек жұмыс жүргізіліп жатыр, қазір қалада самокаттарды жалға беретін 4 оператор бар – олармен қарым-қатынас орнаттық. Оның ішінде бүгінгі жылдамдыққа шектеу қою және т.б. сұрақтар бойынша талқылау жүруде. Сонымен қатар, геолокациямен, олар парктердің ішіне кіре алмайтындай, жаяу жүргінші жолымен жүре алмайтындай нормалар дайындап жатырмыз. Айтылған мәселе бойынша осы шілденің соңына дейін қол қоямыз деп отырмыз,* – деп жауап берді Е.Досаев.



### Тапсырма толық орындалды

Тағы бір сұрақ «Қаңтар оқиғасынан» кейін шағын және орта бизнес өкілдеріне берілген төлем және оның саны жайлы болды. Қала басшысы осы уақытқа дейін келіп түскен 1594 өтінім бойынша 14 млрд 530 млн теңге төленгенін және 66 өтінімнің шағын және орта бизнес санатына кірмегендіктен не Алматы қаласына тіркелмеуі себебінен қабылданбағанын айтты.

*– Бүгінде зардап шеккен ШОБ субъектілерінің 99%-ы өз қызметін қалпына келтірді және олар толыққанды салық төлеушілер қатарына енді. Біздің тарапымыздан барлық міндеттемелер орындалды деп есептеймін. Қазіргі уақытта төлем жасалмаған 16-ға жуық компания қалды, бірақ олар бойынша бізге сот-экономикалық сараптама қажет. Айтылған құжаттар дайын болған соң біз 2,8 млрд теңге сомаға қосымша ақы төлейміз. Біз Мемлекет басшысының Алматы қаласындағы шағын және орта бизнесті қалпына келтіруге байланысты тапсырмасы толық көлемде орындалды деп есептейміз,* – деп жауап берді.

**– Алматылықтар басқа қалалардың тұрғындары сияқты қант тапшылығына шағымданады. Бұл шынымен бар ма? Сіз ірі сауда желілеріне қант әкелуге жеке квоталар бөлу мәселелері пысықталып жатқанын айттыңыз. Қандай да бір сандар бар ма, олар қандай квоталар болады? Бұл қант қашан әкелінеді? – деген БАҚ тарапынан кезекті сұрақ қойылды.**

*– Соңғы 2 апта ішінде біз тұрақты мониторинг жүргізудеміз. Қалада қант тұтынуы 120 тоннадан тәулігіне 250 тоннаға дейін өсті. Себебі, қазір джем сынды тағамдарды дайындау маусымы басталды. Сонымен қатар, мегаполис ретінде Алматы қаласынан көрші аймақтардың тұрғындары өз*

# ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

## Өтемақы төлеу аяқталды

**Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша** қаңтар оқиғаларының нәтижесінде зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілеріне төлем төлеу жұмыстары аяқталды. Барлығы **14,5 млрд теңгеге 1594 өтінім** мақұлданды.

Шағын және орта бизнес – қала экономикасының негізі. Онда **еңбекке қабілетті халықтың 64%-ы** жұмыс істейді. Сондықтан бизнесті қолдауға **ерекше көңіл бөлінеді.** 2022 жылы бюджеттен қосымша 5 млрд теңге бөлініп, **46,9 млрд** теңгеге дейін (23,8 млрд – БЖК, 8,8 млрд – ҚЗЭ, 1,1 млрд – АӨК, 6,5 млрд – Алматы бизнес, 6,7 млрд – Алматы Бизнес–2025) ұлғайтылды. Бүгінде **16,5 млрд** теңгеге шағын және орта бизнестің **219 жобасы** қаржыландырылды.

Нәтижесінде 1 маусымда **белсенді жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілерінің** саны бір жылда **19,5%-ке,** (195 мыңнан) **233 мыңға** дейін өсті.

Қала әкімі айтқандай, соңғы уақыттары **инвестициялық белсенділіктің** өсуі байқалады. Ағымдағы жылдың 5 айында жеке инвестициялар көлемі 22,1%-ға өсті.

*«Ең үлкен өсім құрылыс индустриясында, өнеркәсіпте, көлік және қоймалауда байқалады, олардың үлес салмағы 55%-ды құрайды»,* – деп атап өтті елордада өткен брифингте қала әкімі.

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында 132 млрд теңгеге 10 инвестициялық жоба іске асырылды.

2022 жылға еңбек өнімділігі жоғары 2,8 мың тұрақты жұмыс орнын құра отырып, 588 млрд теңге сомасына 77 жеке жобаны іске асыру жоспарланған.

## Азық-түлік бағасы тежеле ме?

Алматыда бағаның жоғары өсу қарқыны **сақталуда.** Жыл басынан бері 6 айдың қорытындысы бойынша инфляция **10,3%-ды құрады (ҚР – 10,5%).**

Инфляцияға **негізгі үлес бірінші кезекте азық-түлік** бағасының өсуі есебінен қалыптасты, ол **16,4%-ды** құрады (жылдық есептеуде – **19,5%**).

**Бәрінен бағасы шарықтаған қант** (2 есе, 560 теңгеге дейін), пияз (+90,2%, 156 теңгеге дейін), **нан** (+18,3%, 95 теңгеге дейін), **сүт** (+18%, 328 теңгеге дейін) бағасы. Олардың тұтыну бағасының индексіндегі **үлесі 2,2** проценттік тармақты құрады.

Дегенмен, жұмыртқа бағасының төмендеуі (0,4%-ға, 460 теңгеге дейін) және сиыр еті (0,9%-ға, 2 350 теңгеге дейін), **сары май** (5,6%-ға, 3400 теңгеге дейін), **тұз** бағасының (6,5%-ға, 66 теңгеге дейін) **шамалы өсуі** байқалады.

Сондықтан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тежеу үшін алдын алу шаралары қабылдануда:

1) «Айналым схемасы» бойынша қаржыландыру 4 млрд теңгеге ұлғайтылды (11 млрд теңгеден 15 млрд теңгеге дейін).

2) Бекітілген бағамен сату үшін 6,5 мың тонна қант сатып алынды (Magnum, Small, Toimart-та 480 теңге).

3) Басқа өңірлерден (Түркістан, Алматы), сондай-ақ жақын (Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан) және алыс шетелден (Иран, Пәкістан) көкөніс пен жемісті тікелей жеткізу ұйымдастырылды.

4) Нан бағасын тұрақтандыру үшін Азық-түлік корпорациясының қорларынан астық жеткізілуде (32 мың тонна).

Қант бағасының өсу ықтималдылығы, бакалея өнімдері қорларының азаюы, Ресейге көкөніс өнімдерін жаппай экспорттау сынды тәуекелдерге қарсы тұру үшін ірі сауда желілеріне қант әкелуге жекелеген квоталар бөлу және бакалея мен көкөніс өнімдерінің экспортын шектеу мәселелері пысықталып жатыр.

## Алматыда 11 мектеп ашылады

**Халық санының біршама өсуіне және жаңа аумақтардың қосылуына** байланысты әлеуметтік инфрақұрылымның тапшылығы айтарлықтай қиындық туғызуда. Осы мәселелерді шешу үшін қалада **«басқарылатын тапшылық»** орта мерзімді саясаты іске асырылатын болды. Жаңа мемлекеттік және жекеменшік білім беру нысандарын салу есебінен орын тапшылығы **қысқарады.**

Биыл **орта білім беру** саласында **13,8 мың** орынға есептелген **18 нысанды** пайдалануға беру жоспарланып отыр, оның ішінде **10 750 орынға** 11 жаңа мектеп (оның 5-еуі **7500 орынды** мемлекеттік мектептер және **3250 орынды** 6 жекеменшік мектеп), **1270 орынға** 5 қосымша құрылыс, **1800 орынды** 2 ғимаратты сатып алу жоспарланып отыр *(600 орынды №94 мектеп үшін **1,8 млрд теңгеге** Әділет колледжі және 1200 орынды Наурызбай ауданының «Шұғыла» шағынауданындағы Qazaq Stroy мектебі).*

Жылдың соңына дейін **3–6** жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен **қамту 2,4%-ға** (91%-дан 93,4%-ға дейін), мектептердегі оқушы орындарының саны **5%-ға** (279,1 мыңнан 292,9 мың орынға дейін) өседі.

## Нөсерлі жауын мәселелері шешіле ме?

Алматының жер бедеріне байланысты нөсер жауын кезінде қаланы жиі су басып жатады. **Арнайы** тексеру жұмыстары барысында Алматыда тұрақты су басатын **102 учаске** анықталды.

**2022 жылдың** соңына дейін су басатын **56 учаске** жойылып, **12 коллектор** қалпына келтіріледі, **75 шақырым** арық желісі жаңғыртылады. Жүйелі шара ретінде нөсер канализациясы (коллектор, каналдар, су тоғандары) бірыңғай оператор – «Eco Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне беріледі.

**2023-2024 жылдары** 201 шақырым арық желісін жаңғырту аяқталады, **100 шақырым** жаңа арық желісі салынады, тұрақты су басатын **46 учаске** жойылады. Тұрақты су басуды жою үшін ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен **5,3 млрд** теңге бөлінді.

# НӘТИЖЕСІН КӨРЕМІЗ



*қажеттіліктерін сатып алатыны түсінікті. Бүгінгі таңда бізде орташа есеппен құм қант пен рафинад бағасы – 560 теңге. Бірақ ірі желілерді жеңілдікпен қорландыру аясында, мысалы, Магнумда құм қантын 445 теңге тұрады. Басқа 8 нүктеде баға шамамен 480 теңгеден басталады. Біз бұл бағаны сақтағымыз келеді. Біз Магнумға 6,5 тонна қант үшін шамамен 3 млрд теңге бөлдік. Алматыда қант жеткілікті көлемде бар,* – деп нақтылады шаһар басшысы.

Е.Досаев өз жауабында квота мәселесін де айтып өтті. Қала әкімінің айтуынша, Ақсу қант зауытына бөлек квота беру жоспарда бар. Келіссөздер бойынша айтылған өндіріс орны 10 мың тонна өнімді тікелей желіге жеткізеді. Бұл жоспар қант бағасына артық үстемеақы қосылмас үшін жасалуда.

**– Алматы тұрғындары мен экобелсенділер қаладағы «Оқушылар сарайының» аумағындағы скверді бұзуға қарсылық білдіруде. Қазіргі таңда ол маңда құрылыс жүргізуге қарсы петиция да жарияланған. Бұл жөнінде не айта аласыз? Қала басшылығы тұрғындардың үніне құлақ аса ма? – деп сұрақ қойды журналистердің бірі.**

*– Соңғы бір жеті ішінде маған келген сұрақтардың көбісі осы парк туралы болды. Скверге қатысты бірінші жоба 2018 жылы дайындалған. Одан кейін оны әкімшілік тоқтатып, өзгерістер енгізген. Бүгінгі парктің келбеті өзгермейді. Менің тапсырмам бойынша дүйсенбі күні осы аймақтың жаңа жобасы таныстырылады. Қазір сквер аумағында сумен жабықтау жүйесі жоқ, жер көгалдандырылмаған, жол сапасы төмен. Брусчатканы ауыстыру керек, себебі жазғы уақытта қызып кетеді. Кешкі уақытта да бара алмайсың, себебі жарықтанбаған. Жоба бойынша ағаштарға ешкім тиіспейді, бір ағаш та кесілмейді. Өткен жылы басталған жұмыстар осы жылдың қараша айына дейін аяқталуы тиіс. Дүйсенбі күні жобаны қала тұрғындарына таныстырып, барлық жиналып қалған сұрақтарды шешеміз деп ойлаймын. Барлық құжаттарды көрсетеміз,* – деп түйіндеді Ерболат Асқарбекұлы.

## Қауырт жұмысқа дайынбыз

**«Төртінші билік» өкілдері қаланың ерекше мәртебесі мен үйлерді заңдастыру мәселесі туралы да сұрақ қойды.**

*– Өткен аптада Мемлекет басшысы қаланың ерекше мәртебесі туралы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Ол жарияланғаннан кейін 10 күннен кейін күшіне енеді. Бізде 60 күн нормативтік-құқықтық актілерді дайындау үшін пайдаланылады. Онда өте маңызды нормалар бар. Тұрғын үй мәселелеріне қатысты бұл бірінші мәселе. Қалада заңдастырылмаған тұрғын үйлер көп. Бұл бау-бақша серіктестіктерінен бастап, бұрын заңсыз салынған үйлер және т.б. 2016 жылы осындай үйлердің жері заңдастырылып, бірақ үйлердің өзіне құжат берілмеген. Біз 2027 жылдың 1 қаңтарына дейін қоғаммен, мәслихат депутаттарымен бірлесе отырып, комиссия құрып, осындай шешім қабылдауға мүмкіндік алдық. Бүгінде олардың құжаттары да, тіркеуі де жоқ. Бұл үлкен жұмыс болмақшы, бірақ біз оған дайынбыз. Бұл ең маңызды өзгерістердің бірі болады,* – деп жауап қайтарды Алматы қаласының әкімі.

Көпшілікті қызықтырған сұрақтардың қатарында қала жолдарындағы асфальт пен жол жиегінің жиі жөнделу мәселесі де айтылды.

*– Өте өзекті мәселе. Тиісті қолданыстағы нормалармен жол бес жылда жаңарып тұру керек. Бірақ біз бұл ережені толық орындамай, жолдар одан да ұзақ уақытқа пайдаланылады. Ағымдағы жылы 224 көшеде 200 шақырым жол қалпына келтірілетін болады, оның ішінде ұзындығы 57 шақырымды құрайтын 18 шақырым магистральды жол болады. Осы жылы біз бекіткен көптеген жолдарда жөндеу 2009 жылдан 2014 жылға дейін жүргізілді. Ойша айтқанда, бүгін біз бес жылдық мерзім кестесінен шығып кеттік. Сондықтан біз бұл жұмыс қажет деп санаймыз, ол қолданыстағы нормативтерге мүлдем сәйкес келеді. Енді мен неге бес жыл екенін түсіндірейін. Қазіргі асфальтбетонның сапасы бес жылдан артық пайдалануға мүмкіндік бермейді. Біз қазір Алматыда полимерлер қосылған үш пилоттық жобаны бастадық, бұл жолдарды 10 жылдай пайдаланса болады және екі еседен астам жүктемеге шыдайды. Желтоқсанға қарай біз қажетті нәтижелерге қол жеткіземіз. Келесі жылдан бастап қалада жақсы және ұзаққа созылатын жолдар салуға ниеттіміз,* – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

**P.S. Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 50-ге жуық өзекті сұрақтарға жауап берді. Шаһар басшысы көпшілікті толғандырған жол жөндеу, қала аумағындағы үйлерді заңдастыру, қауіпсіздік сынды маңызды мәселелерді қозғап, қойылған сұрақтарға нақты жауап берді. Қаланың алдағы екі-үш жылдық жоспарымен қатар, 2040 жылға дейін арналған бас жоспарының негізгі бағыттарын таныстырды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмалары аясында қала тұрғындарымен болған кездесулерін түйіндеді.**

**Әзірлегендер Динара МҰРАТ,
Досбол АТАЖАН.**

БҮГІН – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# СУ БАР ЖЕРДЕ ТІРШІЛІК БАР

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

**Кәсіби мереке Қазақстанның табиғи байлықтарын сақтауға және көбейтуге көмектесетін су шаруашылығының барлық қызметкерлеріне құрмет көрсету мақсатында қолға алынған.**



Алматының сумен жабдықтау және су бұру шаруашылығы еліміздегі ең ірі жүйе болып табылады. Алып шаһарда су өндірумен, оны ауызсу деңгейіне көтере отырып, желілер арқылы тұтынушыларға жеткізетін, сонымен қатар, сарқынды суды бұрумен және тазартумен айналысатын мекемелер бар.

Мегаполистің сумен жабдықтау жүйесіндегі ауызсудың сапасы үнемі бақылауда. Оны арнайы мамандар үздіксіз қадағалап отырады. Мәселен, өткен жылдың бірінші жартыжылдығында мамандар 200 мыңнан астам су анализін жүргізген. Нәтижесінде су сапасының қауіпсіз әрі жоғары деңгейде екенін анықтаған.

Су саласы мамандарының айтуынша, Алматы халқы күн сайын шамамен 650 мың текше метр суды тұтынады. Шаһарда 3,6 мың шақырымнан астам су құбыры желісі тартылған. Тармақталған сумен жабдықтау жүйесі үнемі бақылауды қажет ететіндіктен, арнайы мамандар тәулік бойы ағын судың жағдайын тексеріп, қадағалап отырады. Су 100-ден астам органолептикалық және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша талданады.

Қала тұрғындары мен өндірістік кәсіпорындарды сумен жабдықтайтын ірі және негізгі су пайдаланушы мекемелер жерасты суларының негізгі үш кен орнын, атап айтқанда: Алматы, Талғар және Кіші Алматы суларын пайдаланады. Олар қаладағы орташа су тұтынудың тәулігіне шамамен 700 мың $м^3$ болуын қамтитын жалпы қуаты тәулігіне 1,3 млн $м^3$ астам ұңғымалар мен жерүсті су көздеріне қызмет көрсетеді. Айта кетейік, шаһар жерасты (70%) және жерүсті (30%) көздерінен сумен қамтамасыз етіледі.

Су шаруашылығы саласының басты мақсаты – қала тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасау. Себебі, мегаполис экономикасының жетістіктері ғана емес, әрбір алматылық отбасының денсаулығы да сумен тікелей байланысты.

Алып шаһарды сумен қамтамасыз ететін кәсіпорында жоғары білікті, өз ісіне шын берілген адал жандар жұмыс істейді. Сол себепті, олардың әрқайсысы да құрметке лайық. Алайда, кейде аталмыш сала мамандарының тынымсыз жұмысы назардан тыс қалып жатады. Десе де, бұл оның маңыздылығын жоймайды. Өйткені, су құбыры-кәріз шаруашылығы қызметкерінің еңбегі маңыздылығымен қашанда сұранысқа ие.

## АУЫЗСУ САПАСЫНА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНГЕН

Сапалы әрі үздіксіз сумен қамтамасыз ету жүйесі болмаса, электрмен, жылумен жабдықтауды елестету мүмкін емес. Өндірістер мен кәсіпорындардың жұмысы да суға тәуелді. Сондықтан сенімді және тармақталған кәріз жүйесі, кәріздік тазарту құрылыстарының сапалы жұмысын – қаланың жоғары даму мәртебесі ғана емес, сонымен қатар маңызды экологиялық құрамдас бөлігі деп атауға болады.

Бүгінде қаланың су шаруашылығы саласында өндірісті жаңғырту жұмыстары мықтап қолға алынған. Жаңадан қуат көзі іске қосылып, озық технологиялар енгізілуде. Қала халқын тіршілік нәрімен қамтамасыз ету мақсатында ауызсудың сапасына ерекше көңіл бөлініп жатыр.

Алматы халқының саны артқан сайын, көлемі жағынан да ұлғайып келеді. Шаһарда жаңа тұрғын үйлер мен шағын аудандар бой көтеріп, жаңа өндірістік алаңдар пайдалануға берілуде.

*«Кез келген кәсіпорынның тарихын адамдар жасайды. «Алматы Судың» да басты капиталы – ұжымы. Бұл салада талмай, үлкен жауапкершілікпен адал еңбек еткен ардагерлер жетерлік. Оларға айтар алғысымыз да шексіз. Өйткені, ұжымдағы әрбір қызметкердің кәсіпқойлығы, шығармашылық әлеуеті қаланы сумен жабдықтау мен су бұрудың ең күрделі міндеттерін орындап, шешуге мүмкіндік береді. Тоғыз онжылдықтың ішінде, кәсіпорын тарихында болған небір қиындықтарға қарамастан, біздің Су арнасы үнемі дамып, болашаққа сеніммен қарады»,* – дейді мекеме басшылары.

2014-2015 жылдары қалаға аумақтың ауқымды бөлігі (Алатау, Медеу, Түрксіб, Бостандық және Наурызбай аудандары) қосылғаннан кейін аталған аумақтарды сумен қамтамасыз ету мәселелері туындаған болатын.

Осыған орай Наурызбай ауданында орналасқан шағынаудандарды тұрақты сумен қамтамасыз ету мақсатында, 2020 жылы 8 шағынауданда жаңа су құбыры және кәріз желілерін тарту бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Жоспар бойынша барлығы 149,6 км су құбырын пайдалануға беру, сондай-ақ екі сүзгі станциясын салу қолға алынды. Мамандардың айтуынша, барлық жұмыс толық көлемде аяқталғаннан кейін, ауданның 70 мыңнан астам тұрғыны ауызсумен тұрақты түрде қамтамасыз етілетін болады.

Бүгінде шағынаудандардың басым бөлігінде жобалар аяқталып, жол төсемдерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Десек те, шағынаудандарда көшелердің тарлығы және үлкен қойтастардың болуынан құбырларды төсеу жұмыстары бәсеңдеп жататыны бар. Қала тұрғындары жұмыс барысын көзбен көріп отырғаннан кейін түсіністікпен қарайды.

## ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Қазіргі таңда қуаты тәулігіне 15 мың текше метр болатын «Қарғалы» су тарту құрылғысының құрылысы аяқталуда. Бұл жоба «Қарғалы», «Қарағайлы», «Таусамалы», «Құрамыс», «Тастыбұлақ» шағынаудандарындағы 35,5 мың тұрғынды сумен қамтуға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылы қуаттылығы тәулігіне 22 мың текше метр болатын «Ақсай» сүзгі станциясының құрылысы жоспарлануда. Оның іске қосылуы «Тастыбұлақ», «Ақжар», «Таужолы», «Шұғыла» шағынаудандарының 100 мыңға жуық тұрғынын тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

Бостандық ауданының оңтүстік бөлігін сумен қамтамасыз ету үшін қазіргі уақытта жобалық қуаты тәулігіне 9 мың м3 болатын Ерменсай су тарту құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Қазіргі уақытта жоба сараптамадан өту сатысында.

Соңғы жылдары Медеу, Әуезов, Алатау, Жетісу, Түрксіб аудандарының ондаған шағынаудандарында жалпы ұзындығы 200 шақырымнан астам су құбыры желілері пайдалануға берілді.

Жаңа аудандарды дамыту үшін 2022 жылы шамамен 62 мың тұрғынды көрсетілетін қызмет түрімен қамтитын сумен жабдықтау және кәріз желілерінің 18 нысанының құрылысы аяқталады.

Жаңа тұрғын үй кешендерінің, нысандардың және сумен жабдықтауды қажет ететін басқа да нысандардың салынуына байланысты, су тұтыну деңгейі де жыл сайын өсіп келеді. Шамамен алғанда өткен жылы орташа тәуліктік су тұтыну 40 – 50 мың м3 артқан (2021 жылы – тәулігіне 640 – 650 мың м3, 2022 жылы бірінші тоқсанда орташа тәуліктік су тұтыну тәулігіне 670 мың м3 құрады). Айта кетейік, қалаға қосылған аумақтарда инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ықпал ететін «Жаңа Алматы» кешенді жоспары қабылданған.

### КЕРЕК ДЕРЕК

**• Су шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі 2019 жылғы 24 қаңтардағы №11 қаулысымен бекітілген.**

**• Биыл «Қарғалы» өзенінде 50 мың тұрғынды сумен қамтитын су тарту құрылысы аяқталады.**

**• «Ақсай» өзенінде 100 мың адамды қамтитын су тарту құрылысы басталады.**

**• 110 мың адамды қамтитын 632,2 шақырым желі құрылысын салу жоспарланған. Оның ішінде I жартыжылдықта 45 шақырым желі құрылысы жүргізілді. II жартыжылдықта 371,2 шақырым желі құрылысы аяқталады.**

### КЕРЕК КЕҢЕС



***Адам тәулігіне 2-3 литр су ішеді. Бәлкім, біз тамақ ішпей бір айдан астам өмір сүре алатын шығармыз, бірақ сусыз 1 аптадан артық өмір сүре алмайтынымыз анық. Жапондық психолог-ғалым Масару Эмото: «Су адамның психикалық энергиясын бойына сіңіре алады және оны ұзақ уақыт бойында «есіне» сақтап, тіпті басқаларға жеткізе алады. Судың бойына жинақталған таза энергия небір ауруларға ем болады», – деп жазған екен. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адамға қажетті судың мөлшерін есептеп, бір келі салмаққа 30 мл судан кететінін анықтапты. Яғни салмағы 70 келі адамға тәулігіне 2 л 100 мл су ішу керек.***

### СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

## Кәріз сулары қалай жиналады және олар қайда кетеді?

Бірде менің 5-сыныпта оқитын Айжан есімді қызым қолын жуып тұрып: «Анашым, осы біз қол жуған сулар қайда кетеді?» деп сұрағаны бар. Расында да біз күнделікті тұрмысымыздың ажырамас бөлігіне айналған тіршілік нәрінің қайдан келіп, қайда кететініне аса мән бере бермейді екенбіз.

Сала мамандарының айтуынша, қолжуғыштан, асүйдегі раковинадан, душтан, ванна мен дәретханадан алынған майлы су алдымен үй ішіндегі инженерлік желілерге жиналады. Содан кейін ағындар құбырлар арқылы қалалық кәріз желісіне жіберіледі, олардың жалпы ұзындығы жүздеген шақырым қала сыртына кәріз тазарту қондырғылары-аэрация станциясына жеткізіледі. Ағынды сулар станциясында тазартудың механикалық, биологиялық тазарту секілді бірнеше кезеңдерінен өтеді.

Жалпы, тұтынушылар пайдаланбас бұрын тау өзендерінен келетін су төрт кезеңде 10–15 сағаттық тазарту циклінен өтеді. Бірінші кезеңде ол су жиналатын жерден шұңқырға түседі, яғни арнайы бөлімдері бар үлкен дөңгелек бассейндерге жеткізіледі. Онда кез келген ірілі-ұсақты заттар сүзгіден өтеді. Екінші кезеңде коагулянт атты арнайы зат қосылады. Ол ұсақ бөлшектерді біріктіреді, содан кейін олар жоғары қарай көтеріледі. Коагуляция үшін реагенттер ретінде хлорлы темір мен күкіртқышқылды алюминий қолданылады.



Содан кейін су сүзгілерден өткізіледі. Осыдан кейінгі төртінші кезең – дезинфекция, 2009 жылға дейін бұл үшін газ тәрізді хлор қолданылған. Бүгінде барлық су тазарту қондырғыларында ас тұзын электролиздеу нәтижесінде алынған натрий гипохлориті қолданылады. «Алматы Су» мамандарының айтуынша, ағынды сулар химиялық құрамы бойынша теңдестірілген. Бастапқы суда ауыр металдар жоқ және ол қосымша сүзуді қажет етпейді.

ТҰРҒЫН ҮЙ

# Жаңа ипотека қолжетімді ме?

**Таяуда Қазақстанда жаңа ипотекалық бағдарлама пайда болатыны туралы жаңалық тарады. Қайтсем баспанаға қол жеткізем деп жүрген жұрт мұндай хабарға елең ете қалғаны рас. Бәрінің көкейіндегі сұрақ – жаңа ипотека қолжетімді ме?**



**Халықтың баспаналы болуы үшін мемлекет субсидия бөліп, тұрғын үй несиесін жеңілдетуді қарастырып отырған көрінеді. Болжам бойынша несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі 19%-дан аспайды делінген.**

Қазақстандағы шенеуніктер келесі жылы тұрғын үйге деген сұраныс азаятынын айтады. Бірақ бұл халықтың үй алуға деген құлшынысының бәсеңдеуінен емес, баспананың қолжетімсіздігінен. Өйткені, келер жылы біраз адамның баспаналы болуына мүмкіндік берген «7-20-25» секілді ипотекалық бағдарламалардың мерзімі аяқталады. Ал жеңілдетілген мемлекеттік бағдарламаларсыз елімізде қарапайым халықтың басым бөлігі нарықтағы үйді сатып ала алмайды. Өйткені, үйдің бағасы күннен-күнге аспандап барады. Еліміздің азаматтары зейнетақы қорындағы қаржысын да тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігінен де қағылған еді. Себебі, зейнетақы қорындағы жинақтың шектік сомасының мөлшері көтеріліп кетті.

Еліміздегі құрылыс нарығы мүлде құлдырап кетпеу үшін «Бәйтерек» холдингі жаңа ипотекалық бағдарлама енгізуді жоспарлап отыр. Бұл бағдарлама бойынша алғашқы жарна 20%, несие беру мерзімі – 20 жыл делінген. Еліміздің ең ірі шаһарлары Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент үшін үй алуға берілетін ең жоғарғы сома – 35 млн теңге, ал Қазақстанның басқа қалалары үшін – 25 млн теңге. Осындай есеппен берілген ипотеканың бір бөлігін мемлекет қаржыландырмақ.

«Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевтың айтуынша, Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің деңгейінен 5%-дан аспайтын ипотека бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 7%-ы субсидиялауға жатады. Екінші деңгейдегі банктер өз қаражаты есебінен құрылыс салушылардың бастапқы тұрғын үйіне және «Қазақстандық тұрғын үй компаниясының» кепілдігімен қамтамасыз етілген салынып жатқан тұрғын үйге қарыз бере алады.

Қарапайым тілмен айтқанда, бүгін ұсынылған бағдарлама бойынша сыйақы мөлшерлемесі 11-12%-дан аспауы тиіс. Алайда, мұның өзі жұрттың бәріне бірдей тиімді емес. Сарапшылар қазірдің өзінде осы тұрғын үй тізбегіндегі қаржы институттары аса қажет емес екенін мәлімдейді.

Қазақстан құрылысшылар одағының төрағасы Талғат Ерғалиевтың айтуынша, қандай жағдайда да құрылыс компаниялары ұтылмайды, мұнда шығынға ұшырайтын тағы да тұтынушы. Мемлекет халыққа көмектесем деп субсидия бергенімен, қаржыдан ұтылады, банктер ұтады.

Мамандарының айтуынша, қазірдің өзінде бағдарламаға кем дегенде сегіз банк қызығушылық танытқан. Олар жаңа ипотекалық бағдарламаның тетіктерін зерделеуге, содан кейін несие беруді бастауға дайын. Сондай-ақ, алдағы төрт жылда нарықты қолдау үшін билік бір триллионнан астам теңге жұмсауды жоспарлап отыр.

Шенеуніктердің болжамы бойынша, егер бағдарлама қабылдамай, осы қалпында қалдырса, келер жылы Қазақстанда 35 мыңға жуық пәтер сұранысқа ие болмай қалуы әбден мүмкін. Құрылысшылар 500 миллиард теңгеден астам қаржы жоғалтады. Сарапшылар құрылыс бизнесін қолдаудың балама шарасы ретінде мемлекеттен қазақстандықтарды тікелей қаржыландыруды ұсынады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**«Крыша» сайтының сарапшылары жаңа ипотекалық бағдарлама бойынша бағалары әртүрлі тұрғын үй құнын және төленетін несие мөлшерін есептеп көрген еді. Осы есеппен өз шамаңызды бағдарлай берсеңіз болады.**

**1. Пәтер бағасы – 43 млн 750 мың теңге.**

Максимальды 35 млн несиенің алғашқы жарнасы 20%. Бұл ипотекаға алынатын нысанның жоғары бағасы.

• Ипотека – 35 млн теңге.
• Алғашқы жарна – 8,7 млн теңге.
• Ай сайынғы төлем – 385,4 мың теңге.
• Алғашқы жарнаны қосып есептегендегі толық шығын – 101,2 млн теңге.
• Үстеме төлем – 57,5 млн теңге.
• Жалпы отбасылық табыс – айына кемінде 770 мың теңге.

**2. Пәтердің бағасы – 35 млн теңге.**

• Ипотека – 28 млн теңге.
• Алғашқы жарна – 7 млн теңге.
• Ай сайынғы төлем – 308 мың теңге.
• Алғашқы жарнаны қосып есептегендегі толық шығын – 81 млн теңге.
• Үстеме төлем – 46 млн теңге.
• Жалпы отбасылық табыс – айына кемінде 671 мың теңге.

**3. Пәтердің бағасы – 27 млн теңге.**

• Ипотека – 21,6 млн теңге.
• Алғашқы жарна – 5,4 млн теңге.
• Ай сайынғы төлем – 238 мың теңге.
• Алғашқы жарнаны қосып есептегендегі толық шығын – 63 млн теңге.
• Үстеме төлем – 35 млн теңге.
• Жалпы отбасылық табыс – айына кемінде 476 мың теңге.

**4. Пәтердің бағасы – 20 млн теңге.**

• Ипотека – 16 млн теңге.
• Алғашқы жарна – 4 млн теңге.
• Ай сайынғы төлем – 176 мың теңге.
• Алғашқы жарнаны қосып есептегендегі толық шығын – 46 млн теңге.
• Үстеме төлем – 26 млн теңге.
• Жалпы отбасылық табыс – айына кемінде 352 мың теңге.

ИНФЛЯЦИЯ

# Қымбатшылық бәсеңдер емес

**Алматыда бағаның өсу қарқыны бәсеңдемей тұр. Қымбатшылықтың қарқын алып тұрғанын Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өзі мәлімдеген болатын. Әкімнің айтуынша, Алматыда жыл басынан бері 6 айдың қорытындысы бойынша инфляция 10,3%-ды құрады.**



*«Инфляцияға негізгі үлес бірінші кезекте азық-түлік бағасының өсуі есебінен қалыптасты. Бұл көрсеткіш 16,4%-ды құрады (жылдық есептеуде – 19,5%). Ең көп қымбаттаған – қант (2 есе, 560 теңгеге дейін), пияз (+90,2%, 156 теңгеге дейін), нан (+18,3%, 95 теңгеге дейін), сүт (+18%, 328 теңгеге дейін) бағасы. Олардың тұтыну бағасының индексіндегі үлесі 2,2 пайыздық тармақты құрады.*

*Дегенмен, жұмыртқа бағасының төмендеуі (0,4%-ке, 460 теңгеге дейін) және сиыр еті (0,9%-ке, 2 350 теңгеге дейін), сары май (5,6%-ке, 3 400 теңгеге дейін), тұз бағасының (6,5%-ке, 66 теңгеге дейін) шамалы өсуі байқалады»,* – деді Ерболат Досаев. Ол сондай-ақ, жеткізу тізбегінің бұзылуы және теңге бағамының тұрақсыздығына байланысты әлі де инфляцияның тоқтай коймайтыны болжанып отыр.

ТЕРМИНАЛ



# QR-код – бизнестегі жаңа леп

**Елімізде тауарлар мен қызметтер саласында QR–кодтардың толық орныққанына биыл бір жыл болды. QR–код 2021 жылдың маусым айынан бастап POS–терминалдармен бірдей деңгейге көтерілді.**

QR-код жаппай қолданыла бастағалы бизнес өкілдеріне өз сауда нүктелеріне қосымша жабдық орнатудың қажеті болмай қалды. Жедел төлем жүйесі енгізілгеннен кейін және әртүрлі банктердің клиенттері арасында QR-код арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер жүзеге асырылғаннан тұтынушылар осы жүйеге тез үйренісіп кетті. Кез келген сатып алушыға төлем неғұрлым байланыссыз, ыңғайлы және оңайырақ болса, соғұрлым жақсы. Ал бизнес үшін QR жүйесі оның даму тарихындағы маңызды жаңалық болды. Біріншіден, банктер трендке тез бейімделді. Қолданыстағы банк өнімдері банкке бармай-ақ, онлайн-режимде тез және қашықтан жүйеге қосылуға, төлемдерді дереу қабылдауға мүмкіндік берді. Екіншіден, клиенттерге бірнеше таңдау – 100% төлем, бөліп төлеу немесе несиеге сатып алу мүмкіндігі ұсынылды.

Банк қызметкерлерінің айтуынша, мобильді қосымшалардағы QR-кодты қолданушылар саны бір жылда 3 есеге артқан.

**Бетті дайындаған Айнұр СЕНБАЕВА.**

Балалар жылы 2022

# Балаларға базарлық



Құрбан айт күндері Алматының барлық мешіттерінде Балалар жылына орай мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады.

Бұл туралы Алматы қаласының бас имамы Оспан Төлеби мәлімдеді.

– *«Балаларға жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында Айт күндері қаладағы барлық мешітте тәттілер мен сыйлықтар үлестіріледі. Одан бөлек, мешіт ауласына шатырлар құрылып, киіз үйлер тігіліп, ақсақалдар мен үлкен кісілерге айттық дастархан жайылады»,* – деді бас имам. Сондай-ақ, бұл күндері қала әкімінің қолдауымен Алматының Орталық мешіті мен өзге мешіттерде ұлттық ойындардан спартакиада өтеді. Онда шараға қатысушылар арқан тарту, асық ату, армрестлинг, гір тасын және қошқар көтеру секілді ойын түрлерінен бақ сынайтын болады.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

# Бірінші қабатта – бастауыш мектеп

**Алматыда бастауыш мектептер тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарына орналасуы мүмкін екені туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев баяндады.**



Дәл қазіргі уақытта мемлекеттік мектептердің бастауыш сыныптарын филиал ретінде тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарында орналастыру тетігі жан-жақты қарастырылып жатыр. Жалпы, Алматыда 2022 жылдың басынан бері 3316 орынды 54 жекеменшік балабақша ашылса, осы жылдың соңына дейін тағы 1460 орынды 17 балабақша, оның ішінде, 560 орынды 2 мемлекеттік балабақша ашылатын болады. Сонымен қатар, жыл соңына дейін 3–6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 2,4%-ға, мектептердегі оқушы орындарының саны 5%-ға дейін көбеймекші. Сондай-ақ, биылғы жылы орта білім беру саласында 13,8 мың орынды 18 нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр. Оның ішінде 10 750 орынға 11 жаңа мектеп, 1270 орынға 5 қосымша құрылыс, 1800 орынды 2 ғимаратты сатып алу жоспарда бар.

ТЕСТІЛЕУ



# Ереже бұзу азайды

**Биылғы тестілеу сынағының қорытындысы бойынша 103 мыңнан астам талапкер шекті балл жинады. Бұл қатысушылардың жалпы санының 67%-ын құрайды.**

Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 7%-ға жоғары. Тестіленушілердің 51 мыңға жуығы (33%-ы) шекті балл жинай алмады. ҰБТ орташа балы – 66. Биыл ең жоғары балл – 139. 3179 оқуға түсуші 120 балдан жоғары жинады. Сондай-ақ, ол ҰБТ-ға тыйым салынған заттарды кіргізу әрекеттері мен ҰБТ ережелерін бұзу саны біршама азайғаны белгілі болды. Мәселен, былтыр 756 түлек ҰБТ-ға тыйым салынған заттарды алып өтуге тырысса, биыл 327 жағдай тіркелген. Бұл 2020 жылы ереже бұзуға тырысқан қатысушыларды тестілеуге жібермеу туралы норманың енгізілуі мен әрбір тестіленуші үшін фронталды камера орнатуға байланысты болса керек. Тестілеу кезінде ереже бұзғаны үшін 322 адам аудиториядан шығарылып, нәтижесі жойылды.

ҰБТ

# Білім бәсекесі жоғары

**Биыл талапкерлер арасындағы тартыс IT бағытындағы мамандықтар бойынша қызатын сыңайлы. Өйткені, қазіргі кезде техникалық мамандықтар бойынша IT бағыты ең жоғары сұранысқа ие болып тұрғаны белгілі.**



Одан кейін биология және химия тұр. Бұл бағытта да тест тапсырушылардың ұпайы өте жоғары. Сонымен қатар, педагогикалық мамандықтар бойынша да бәсеке жоғары болатын түрі бар. Бейінді пәндердің нәтижесі бойынша талапкерлердің 27%-ы физика-математиканы таңдаған.

Сонымен, биылғы жылғы білім бәсекесі бойынша алғашқы орында – IT мамандығы, екінші орында 18%-бен химия-биология. Оның ішінде стоматологияға сұраныс жоғары. Үшінші орында педагогикалық мамандықтар тұр.

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ




# Оқулықтардың тізімі жаңартылды

**Биылғы жылдың тағы бір жаңалығы – еліміздегі мектеп оқулықтарының тізімі жаңартылды.**

Жақында ғана Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы №291 бұйрығымен орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің электрондық нысандағы тізбесі бекітілді. Сондай-ақ, ведомство басшысы Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес аталған бұйрықты Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуін міндеттейді. Ресми тіркеуден өткен соң бұйрық Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтында орналастырылып, жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін болады.



# Мектеп кітапханасының қоры бай

**Еліміздегі мектептер тек білім берумен ғана шектелмей, оқушыларға рухани тәрбие беріп, олардың таным дүниесінің кеңеюіне де бағыт-бағдар беріп отырады.**

Жалпы, бүгінгі таңда еліміздегі мектеп кітапханаларының қорында 200 млн-нан астам әдебиет бар екен. Олардың қатарында 38 млн көркем әдебиеттер мен мерзімді басылымдар.

Сонымен қатар, әр жыл сайын еліміздегі барлық мектеп кітапханалары 20 пайызға көркем әдебиетпен толығып отырады. Бұл толықтыру тізімі төрт бағытта жобаланып, белгіленеді. Мәселен, бірінші кезекте олардың қатарына отандық классиктердің үздік туындылары, екіншіден қазақ тіліне аударылған әлем әдебиеттері және заманауи ақын-жазушылардың үздік шығармалары енеді. Сондай-ақ, түрлі анықтамалықтар, ғылыми-көпшілік басылымдар мен оқу-әдістемелік құралдармен жасақталады.

Сондай-ақ, әдебиеттер тізімін бекіту бес түрлі іріктеуден өтеді. Ең соңғы тізімді бекіту процесі арнайы жасақталған комиссия арқылы іске асырылады.

Мектеп кітапханалары тек оқулықтармен ғана емес, көркем әдебиетпен де толығып отырады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асып жатыр.

# Көрсеткіш 40%-дан асты

**Қазақстандық балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту көрсеткіші 40%-дан асты. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бұған психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК), оңалту орталықтары мен логопедиялық орталықтар желісін кеңейту ықпал етіп жатыр.**

*«Былтыр орталықтарға 30 мың бала барса, биыл олардың саны 53 мыңға дейін өсті. Қолданыстағы ПМПК-ларды кеңейту және жаңаларын ашудың арқасында арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтуды арттыру мүмкін болды. Мысалы, былтыр елімізде 10 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылған болатын. Енді республикадағы ППТК-ның жалпы саны 211-ге жетті»,* – деп жазды ведомство.

**Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**

ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ – 100

**Осыдан дәл ширек ғасыр бұрын, Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған атамыз Талғат Бигелдиновтің 75 жылдығында шаңырағында болып, көзі тірісінде өзімен жүздесіп, сұхбаттасқан едік. Таудай батырымыз қарапайым, жүзі жылы кісі екен. Бал арасын өсіріп, омарташылықпен айналысып жүрген көрінеді.**

**Бізге балалық шағын, жастығын, өскен, өнген сәттерін, әсіресе, соғыс жылдары туралы көбірек әңгімелеп берді. Иә, біз бүгінгі осынау алаңсыз, бейбіт өміріміз үшін сол батырларымызға қарыздармыз. Сондықтан өткен күндерді қазіргі ұрпақ үшін жаңғыртып қоюдың еш артықтығы болмас деп шештік.**

**Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1,8 млн адам аттанып, олардың 609 мыңы туған үйіне оралмай, сүйегі жат жерде қалып қойған. Сол сұрапыл жылдарда от пен оқты қатар кешкен қазақстандықтардың ішінде 497–сі Батыр атағын алса, соның 4–еуі бұл атаққа екі мәрте ие болған. Олар – Т.Бигелдинов, С.Луганский, Л.Беда, И.Павлов.**



# КӨКТІ БАҒЫНДЫРҒАН БАТЫР

## БІР ХАТТЫҢ ІЗІМЕН

Бірде Талғат ағамыздың қолына «Известия» газетіне жолданған хат түседі. «Қымбатты редакция! Майдандас достарым туралы деректер білгім келеді. Көмектессеңіздер екен. Мен штурмандық авиация полкінде болдым. Біз 11 қыз едік. Полктегі ұшқыштар ерекше тапсырмамен жау ошақтарын талқандау үшін ұрысқа кететін. Ал біз, қыздар, ұшақтарды ұрысқа дайындайтынбыз. Көп майдандасым ұрыста опат болды. Олардың бәрі де жаны жайсаң, жүрегі шексіз арманға толы жастар еді. Соғыстың аяғына таман маған өз полкымда қалу мүмкіндігі болмады. Сондықтан қазір олардан кімдердің тірі екенін білмеймін. Бірақ біздің полктан екі рет Кеңес Одағының Батыры болған Талғат Жақыпбекұлы Бигелдиновтің тірі екенін анық білемін. Бұдан бірнеше жыл бұрын 1 мамырда Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен Жеңіс шеруінде түскен суретін журналдардан көргенім бар. Толя (біз оны осылай атайтынбыз) табиғатында үнемі көңілді жүретін ақжарқын, достарына адал жігіт еді. Ал ұрыс кезінде жауына шексіз қатал болатын.

Бір күні кезекті әскери тапсырмамен кеткен Талғат Бигелдинов аэродромға қайтып оралмады. Беті қатты болған шайқасқа қатысқан басқа ұшқыштар «Бигелдинов қаза тапты» деген қаралы хабар әкелді. Арада біраз уақыт өткен соң, бір күні полкке жараланған, жағы суалып, азып кеткен Толя келді. Бәріміз қайран қалдық. Жанындағы серігі, атқыш Яковенко қаза тапқан екен. Ал фашистердің ұшағымен бір өзі соңғы күші таусылғанша жалғыз шайқасқан.

Құрметті редакция! Майдандасым Талғат Бигелдинов қазір қайда екен, сол туралы білгім келеді. Маған әрбір майдандас досым туралы білу аса қымбат дүние болып саналады. Өйткені, қияметті жылдардың отын бір кездері бәріміз бірге кешкен едік қой.

Достар, жауап күтемін. Мекенжайым: Куйбышев облысы, Безенчук поселкесі, Комсомол көшесі, 21-үй, 5-пәтер. Демидова Мария Ивановнаға».

Бір полкте бірге болған аяулы достарын, олар туралы дерек білгісі келіп, ізгілікке толы жүрегімен шарқ ұра іздеген Марияның бұл хаты біздің Батырды1941-45 жылдардағы қасіретті де қастерлі күндерден естеліктер жазуға итермелейді. Міне, Талғат Бигелдиновтің «305 рейд» атты кітабы осылай дүниеге келген еді.

## РАХМЕТ СІЗГЕ!

Енді Қазақстан авиациясының генерал-майоры, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, «Барыс» орденінің иегері Талғат Бигелдиновтің өзін тыңдасақ.

*...Бір күні таңертең мені корпус командирі генерал Рязанов шақыртып алды. Бұл – 1945 жылдың сәуір айы болатын. «Луккенвальде жағымен Берлинге барасыз. Қаланың батыс бөлігінде көпір бар, соны тексересіз, не болып жатқанын бақылайсыз. Ұшу биіктігіңіз 50–80 метр» деген тапсырма берілді. Тапсырма түсінікті болды, бірақ ұшу биіктігінің нақты көрсетілгенін түсіне алмадым. Әдетте ұшу биіктігін ұшқыш әскери ахуалға қарай өзі белгілейтін. Мұның мәнісі бақылауға барған кезімде белгілі болды.*

*Барлауға шығар алдында генералға қайта жолықтым. «Бұл аса күрделі тапсырма. Сондықтан өзім кете берейін. Атқыш серігімнің басын қатерге тіккім келмейді», – дедім жауапты сәт алдындағы ішкі қобалжуымды жасыра алмай. «Өлім туралы ойлап керегі жоқ, бәрі жақсы болады, – деді иығыма қолын қойып, тілектестігін білдірген Рязанов. – Атқыш туралы мәселені өзіңіз шешіңіз. Ал жолыңыз болсын, капитан!».*



*Әуедемін. Жердегілермен радио арқылы байланысты үзбей келемін. Төменнен не көріп келемін, бәрін баяндап отырмын. Бір кезде күтпеген жерден алдымнан жаудың аэродромы көрінді. Онда истребительдер сап түзеп тұр екен. Дереу кетуге шешім қабылдадым. Себебі, жау истребительдері мені байқап қалса, екеуінің өзі-ақ ұшағымды жойып жібере алатын еді. Аэродромнан алыстағаннан кейін өзімізге хабар бердім. Жарты сағаттан кейін біздің полктің екі эскадрильясы тосыннан шабуылға шығып, жау аэродромын талқандап тастады. Ұшақтарын тып-типыл етіп өртеп жіберді.*

*...Енді Берлиннің шет аймағымен ұшып келемін. Төменнен фашистер, машиналар көрінді. Үйлердің шатырларына зенитка қондырғыларының орнатылғанын байқадым. «Әлгінде генерал ұшу биіктігі туралы бекер айтпаған екен ғой» деп қоямын іштей. Себебі, өте биікте ұшып бара жатқан ұшақты алдын ала үйлердің төбесіне орнатылған көздеуіш қондырғылар оп-оңай атып түсірер еді. Ұшағымды кері бұрып, Потсдамды бетке алдым. Бір кезде ұшағыма оқ атылды. Екінші рет тағы қайталанды. Оқ атылған тұсқа дереу бомбалар тастадым. Пулеметтен, зеңбіректен оқ жаудырдым. Сөйтіп, Потсдамды асқан жылдамдықпен бір айналып өтіп, сол маңды берілген тапсырма бойынша суретке түсіріп алдым да, Берлиннің шет аймағынан ұзай бердім.*

*«Бигелдинов, рахмет саған! – деп генерал Рязанов алғаш рет «сенге» көшті штабқа оралған соң. – Командования атынан алғыс айтамын! Сенің ұшағыңның Берлин үстінде күндізгі уақытта алғаш рет болып көрінгенін мақтан тұтуыңа болады!».*

*Бір сәт бәрі мені бауырына басып, құшақтап, құттықтап жатты. Әрине, мерейім өсіп қалды.*

## ТӘУЕКЕЛШІЛ ЖІГІТ

*...8 мамыр (1945 жыл) күні генерал Рязанов тағы шақыртты. Оның штабы Фюнстервальдан онша алыс емес еді. Бұл кезде барлық майдан шебінде соғыс өртінің өшкен кезі болса да, осы штабта ерекше қауырт жұмыс жүріп жатыр екен.*

*– Чехословакия мен біздің арада достық және өзара көмек беру туралы келісім-шарт бар. Праганың бір ауданында неміс басқыншыларынан тірі қалғандары бар көрінеді. Мәнжайды анықтаңыз, – деді Рязанов.*

*Жарты сағаттан кейін менің «Ил-13» ұшағым әуеге көтерілді. Прагаға бет алып келе жатып, штабпен байланысты бірде-бір рет үзгенім жоқ. Әзірге ешқандай қауіп-қатер сезілмеген. Бір кезде көк тұманның арасынан Прага қаласы да көрінді-ау! Сосын Чехословакия астанасының орталық әуежайын көзім шалды. Тыныштық.*

*– Бәрі түсінікті. Кейін оралайық, – деген Токаренконың (истребитель ұшқышы) дауысын естідім.*

*«Жоқ, әлі нақты ешнәрсе анық емес», – деп өз-өзіме күбірлеп қоямын, бұл тыныштыққа көңілім толмайтындай. Бір кезде әуеге ұшаққа қарсы бағытталған ақ ракеталар көтеріле бастады. Төменнен қону алаңына қарай қолдарын бұлғай жүгірген адамдарды да көзім шалды. Ұшақты сонда бағыттадым. Осы сәтте әлдеқайдан оқ атылды.*

*«Ақымақ, ажалыңа асығып барамысың?! – деп айқайлады Токаренко. – Кейін қайтамыз! Аэродромда немістер жүр».*

*Ал маған төменде жүргендер немістер емес болып көрінді. Тәуекелге бел буып, алаңға ақырын келіп қондым. Байқаймын, біздікілер де, немістер де емес, алыстан біреулер жүгіріп келеді. Бірдеңе деп барынша айқайлап қояды өздері. Бірақ дауыстарын мотор гүрілі естіртпей жұтып қойып жатыр. Аспанға бір рет оқ аттым да, сұқ саусағымды көрсете жоғары көтердім. Менің ишарамды түсінген болуы керек, қарсы келе жатқан топ іркіліп тұрып қалды да, арасынан ұзын бойлы қара киімдісі маған қарай жалғыз жақындай берді. Кейін түсінікті болғанындай, олар чех партизандары екен. Олардың отряды өз күшімен гитлершілдерге күйрете соққы беріп, аэродромды жаудан тазартқан екен. Ол кезде біздің танкілердің алдыңғы легі де Прагаға кіріп үлгерген еді.*

## ӘЖЕСІНІҢ ДҰҒАСЫ

Батыр сұхбатында 101-ге жетіп көз жұмған аяулы әжесі туралы да әңгімелеп бергені бар. Кейуана сүйікті немересінің аспан әлемімен байланысы бар жерде, яғни аэроклубта оқып жүргенін біледі ғой. Бір күні жанына таяп келіп: «Құлыным, саған бір дұға үйретіп қояйын. Көктен жаңбыр жауса, найзағай ойнай қалса, соны оқы, сонда найзағай саған түспей, қасыңнан өте шығатын болады», – деген екен қайран әже!

Талғат Бигелдинов соғыс жылдарында кезекті маңызды әскери тапсырма алдында міндетті түрде әжесінің үйретіп кеткен сол дұғасын оқып барып, көкке көтерілетін.

Қазақтың қаһарман перзенті тізгіндеген ұшағының нөмірі 13 болған. Көп адам бұл таңбаға тіксіне қарағанда, Талғат атамыз тіпті де мән бермеген. Сол ұшағымен сұрапыл соғыс жылдары көк жүзінде 500 сағат болған.

Фашистер Бигелдиновтің ұшағына «Қара өлім» деген лақап ат берген. Ал әріптестері оны «Қазақтың қыраны» деп еркелеткен. Майдан командирі Иван Конев болса оны «Крикун» деп атаған. Себебі, Бигелдиновтің негізгі міндеті барлаушылық еді, содан оның радиостансасы қуатты. Ол сөйлегенде басқа радиостанса тоқтап қалады екен.

Талғат Бигелдинов әскери тапсырмамен әуеге 305 рет көтерілген. Жеке өзі жаудың 7 ұшағын атып түсірген. Кеңес Одағының Батыры деген атақты екі рет алған Анатолий Ефремов 244 рет ұшқан, ал Талғат Жақыпбекұлы одан 61 рет артық көкке көтерілген.

1944 жылдың 26 қазанында 22 жастағы лейтенант Бигелдиновке Знаменка, Кировоград қалаларын азат ету кезіндегі ерлігі мен әскери шеберлігі, әрі  атып түсірген төрт жау ұшағы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ал екінші рет алған Кеңес Одағының Батыры атағын 1945 жылдың 27 маусымында тақты кеудесіне. Бұл жолы эскадрильяны шебер басқарғаны және Краков, Оппельн, Катовице, Бреслау, Берлин қалалары үшін шайқастардағы әскери ерлігі үшін марапатталады.

Барлау жұмыстары әдетте тек түнде ғана жүргізілген. Ал 1945 жылдың сәуірінде Берлинге ең алғаш күндіз барлау жасаған біздің Талғат Бигелдинов. Сол әуе жорықтарының бәрінде оны аман алып қалып жүрген, өзінің айтуынша, әрине, әжесінің дұғасы болатын.

## БЕЙБІТ ӨМІРДЕГІ ҚОЛТАҢБАСЫ

Бейбіт өмірде Талғат Жақыпбекұлы 1956 жылға дейін КСРО Әскери-әуе күштерінде абыройлы қызмет етеді. 1956–1970 жылдары Азаматтық авиацияда жұмыс істеген.

1968 жылы Мәскеу құрылыс-инженерлік институтын бітіріп, Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс комитетінің жүйесінде басшылық лауазымдарда қызмет еткен. Үш рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланған. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен жетім балаларға көмек беретін қайырымдылық қордың президенті болған. 1983 жылға дейін Қазақстан автомотоәуесқойлар қоғамын басқарған.

Т.Бигелдинов Азаматтық авиация басқармасы бастығының орынбасары қызметінде жүріп, мемлекетіміздің әуе транспортының өркендеуіне көп үлесін тигізді. Ол азаматтық авиацияның жоспарын жасауға және оның қуатты базасының өмірге келуіне мұрындық болған тұлға. Алматы аэродромының құрылысына да ең бірінші кезекте атсалысқан Талғат Бигелдинов болатын.

Батыр туралы бірқатар деректі фильм түсірілген. Артында бейбіт өмірді қалай жақындатқанымызды кейінгі ұрпақ ұмытпасын деп сөзбен кестелеген «Ил»-дер шабуылдайды», «305 рейд» және «Әуедегі айқас» атты кітаптары қалды.

**P.S. Бізге бүгінгідей алаңсыз бейбіт өмірді сыйлап кеткен Талғат атамыздың атында шаһарда еңселі бір ескерткіштің жоқтығы көңілге мұң ұялататыны бар кейде. Қалада Талғат Бигелдинов атындағы көше бар болғанымен, оның өзі шеткерірек жерден, тұйық жатқан бөлігінен бұйырыпты. Аспанды бағындырып кеткен Батыр тұлғасы аспан секілді әрдайым биікте жарқырап тұрса деген тілегіміз бар.**

**Дайындаған**
**Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

ФУТЗАЛ



# Қарсыластар белгілі

**Футзалдан 2024 жылғы Әлем чемпионатына іріктеудің негізгі кезеңіне жеребе тартылды.**

Жеребе қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы Словения және Черногория командаларымен бірге бесінші топқа түсті.

Жалпы іріктеу кезеңіне 36 команда қатысады. Олар үш командадан 12 топқа бөлінді. Жарыс барысында 36 команданың әрқайсысы өз алаңында және сыртқы алаңда әр қарсыласымен бір рет кездеседі. Ереже бойынша барлық топтардың жеңімпаздары, сондай-ақ үздік ұпай алған 4 екінші орын иегерлері тікелей Әлем чемпионатына шығады. Екінші орын иегерлерінің қалған сегіз командасы түйісу матчтарында бақ сынайды.

Футзалдан Қазақстан құрамасының бас бапкері Рикардо Кака Әлем чемпионаты–2024 негізгі іріктеу кезеңінің жеребе тастау қорытындысына қатысты пікір білдірді.

*«Біз өте күрделі топқа түстік. Қазақстан құрамасы Словениямен үшінші рет кездесіп отыр. Алдыңғы матчтар біз үшін оңай болған жоқ. Екі кездесуде де біз ең негізгі құраммен ойнаған жоқпыз. Бұл жолы біз Словениямен толық құрамда және жақсы дайындықпен ойнаймыз деп үміттенемін.*

*Черногорияға келетін болсақ, қазір футзалдағы қарсыласты бағаламауға болмайды. Біз бұл командамен алғаш рет ойнаймыз және сырт алаңда Қазақстан құрамасына қарсы ойын анлағ жинайды деп ойлаймын. Қазір барлық командалар футзалда шебер ойнауды үйреніп келеді. Біз бұл ойындарға тыңғылықты және қарсыластарымызға барынша дайындаламыз»,* – деді бапкер.

ТЕННИС

# Тарихи жетістік

**Елена Рыбакина алғаш рет «Үлкен Дулыға» турнирінің финалына шықты.**



Отандасымыз Уимблдонның жартылай финалында әлемнің бұрынғы бірінші ракеткасы, «Үлкен Дулыға» турнирінің екі дүркін чемпионы, румын теннисшісі Симон Халеппен кездескен.

Бірінші партияның нәтижесін жерлесіміз алған брейк (қарсыласының соққысы кезінде ұпай алу) шешті. Кездесудің бірінші бөлігі 6:3 есебімен біздің теннисшінің пайдасына шешілді. Екінші сетте Елена 2:0 есебімен алға шыққан, алайда Халеп кері брейк жасап, есепті теңестіре алды. Дегенмен, бұдан кейін Қазақстанның бірінші ракеткасы бойын жинап, жоғары қарқынмен шабуылдауға көшті. Нәтижесінде теннисшіміз 6:3 есебімен жеңіп, біздің еліміз үшін тарихи финалға шықты!

Бұл ойынға Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратов та қатысты. ҚТФ президенті Қазақстан теннисі үшін тарихи ойынға арнайы ұшып келген.

Қазақстандық жанкүйерлерге қуаныш сыйлаған тарихи жеңістен кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ресми Twitter парақшасында Қазақстанның бірінші ракеткасын Уимблдон финалына шығуымен құттықтады.

«Елена Рыбакинаны ең беделді Уимблдон теннис турниріндегі үлкен жетістігімен құттықтаймын! Ол финалға жетті!», – деп құттықтады Мемлекет басшысы. Бұған дейін жартылай финалға шығуына байланысты Еленаға Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев та өз құттықтауын жолдаған.

Айта кеткен жөн, Уимблдонның жартылай финалына барар жолда Елена Коко Вандевеге, Бианка Андрееску, Чжен Цинвэн, Петра Мартич және Айла Томлянович сияқты әлемдік дәрежедегі қарсыластарынан басым түсіп, осы кездесулердің барлығында тек бір партияда жеңілген.

Ендігі кезекте The Championships атағы үшін Рыбакина әлемнің екінші ракеткасы, Туннистен келген Онс Жаберге қарсы сынға түседі. Екі теннисші де финалдық кездесуде жеңіске жетсе, кәсіби мансаптарында «Үлкен Дулыға» турнирінің басты олжасына алғаш рет ие болмақ. Сондықтан шешуші жарыстың тартысты өтетіні сөзсіз. Елена мен Онс осы күнге дейін бір-бірімен үш рет кездескен. Қазақстандық спортшы 2019 жылы Қытайдың Ухань қаласында өткен WTA сериясындағы турнирде бір рет жеңіске жетсе (6:1, 6:7 (3:7), 6:2), ал қарсыласының есебінде екі жеңіс бар – 2021 жылы Дубайдағы турнирде (7:6 (8:6), 4:6, 6:2) және сол жылы Чикагода (6:4, 3:2 (қабылдамау) отандасымыздан басым түскен.

Шешуші ойын 9 шілде күні сағат 19.00-де басталады.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

# Тартысты жарыс болмақ

**Будапештте WTA–ның үш турнирі (әлемдік үстел теннисі) өтеді және Венгрия астанасында әлемнің ең мықты спортшылары 12 жүлдені сарапқа салады.**



11–17 шілде аралығында WTT Star Contender (бізден Кирилл Герасименко қатысады), одан кейін 18–22 шілде аралығында WTT Feeder (Алан Құрманғалиев), ал 18–23 шілде аралығында жүлде қоры 500 мың доллар болатын WTT Champions жарысы (Кирилл Герасименко) өтеді.

Қатысушылар құрамы ауыз толтырып айтарлықтай: Олимпиада чемпиондары Ма Лонг (ҚХР) және Чэн Минь (ҚХР), атақты Мима Ито (Жапония), Оңтүстік Кальдерано (Бразилия), Квадри Аруна (Нигерия), Дмитрий Овчаров (Германия), Хан Йин (Германия), Адриана Диаз (Пуэрто-Рико) және үстел теннисінің жас жұлдыздары қатысады. Жарыс жеңімпаздары қомақты қаржылай сыйлықтан бөлек, халықаралық рейтингте 1000 ұпай еншілейді.

Айта кеткен жөн, Халықаралық үстел теннисі федерациясы (ITTF) 2022 жылдың 30 қыркүйегі мен 9 қазан аралығында Қытай Чэнду қаласында өтетін командалық әлем чемпионатына қатысушылардың тізімін жариялады. Жарысқа қатысушылар құрамында үстел теннисінен Қазақстанның ерлер және әйелдер құрамасы бар.

ШАХМАТ

**18 жастағы қазақстандық әлем чемпионы Бибісара Асаубаева жүлде қоры 35 мың еуроны құраған Serbian Chess Open–2022 турнирінде қола жүлде еншілеп қайтты.**

# Қола тақты



Шахматтың блиц түрінен ең жас әлем чемпионы Сербияның Нови-Сад қаласында өткен халықаралық жарыста бақ сынаған. Айтылған жарыста жер жүзінің 29 елінен жиналған 200-дей шахматшы бір апта бойы сынға түсті. Ашық чемпионатта әлемнің 9 гроссмейстері, 68 халықаралық спорт шебері, 6 әйелдер гроссмейстері және 13 халықаралық әйелдер шебері өнер көрсетті. Осынша мықтының ішінде грекиялық Ставроула Цолакиду топ жарып, алтын медальға ие болды. Үндістандық Сакши Читланге екінші орынды қанағат тұтса, біздің мақтанышымыз Бибісара Асаубаева қола жүлдені қанжығалап қайтты.

Бұл қуанышты жаңалықпен шахматшымыз өзінің Instagram парақшасында бөліскен:

*«Олимпиада алдында жақсы шыңдалдым. «Сербия опен», Шебер турнирі, әйелдер арасында 3-орын, рейтингім өсе түсті! Енді сүйікті бапкерлерімнің ең мықты жиынына жол тартамын! Қымбатты жанкүйерлеріме рахмет!»,* – деп жазды, шахматшы қыз.

Енді Бибісара Асаубаева шілденің 28-і күні Үндістанның Ченнай қаласында желауы желбірейтін шахматшылардың 44-ші Олимпиадасына қатысады. Олимпиада 10 тамызға дейін жалғасады.

ТАЭКВОНДО

# Біздің құрама Болгарияға барады

**2 тамызда Болгария астанасында таэквондодан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионаты басталады.**




Жарыс алдында Қазақстан таэквондо федерациясының баспасөз қызметі айтылған жарыста ел намысын қорғайтын қыз-жігіттердің тізімін жариялады.

Қазақстан құрамасының қатарында алматылықтар – Бектөре Оралханов (45 кг), Темірлан Тілеулес (51 кг), команда капитаны Әлібек Шайкенов (59 кг), Бекарыс Нұрғазы (+78 кг), Рамина Таирова (42 кг), Самал Берікқызы (68 кг) және Карина Каримова (68+) бақ сынайды. Софияда өтетін әлем біріншілігіне жалпы есепте 20 спортшы аттанады.

**Жарыс 7 тамызға дейін жалғасады.**

**Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.**

БРИФИНГ

**Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Қарлығаш Әбдіжаббарова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте сөйлеген сөзінде Құрбан айт мерекесі кезіндегі сақтық шаралары туралы айтты.**

## Бетперде де қорғайды

Спикер олардың ведомствосында діндарлардың рухани және діни сенімдеріне зор құрметпен қарайтынын, алайда түрлі басқосулар кезінде санитарлық нормаларды қатаң сақтауға шақыратындарын хабарлады.

СЭБД өкілінің айтуынша, Алматы қаласында ковидке қатысты эпидемиологиялық жағдай нашарлай түсуде. Маусым айында мамырмен салыстырғанда ауру деңгейі 6,3 есеге артқан. Кешегі 3 шілдеден бастап ҚР ДСМ-ның эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасы бойынша біздің қала «сары» аймақта тұр.

*«Алматы қаласында КВИ жұқтырғандардың өсу себебі осы жылдың маусым айында қалыптасқан халықтың 44%-ында иммунитеттің іс жүзінде болмауы аясында бұрын айналымдағы «омикрон» штамының және COVID-19 вирусының «омикрон» штамының өте жұқпалы мутацияланған кіші түрінің жандануы себеп болды. Бұған сондай-ақ, жазғы демалыс кезінде халықтың әлеуметтік өзара қарым-қатынасының артуы, шетелдерге демалысқа шығу, ҚР-ға жұмыс істеу үшін көршілес Ресей мен Қытайдан инфекция жұқтыруы мүмкін азаматтардың келуі әсер етті»,* – деді СЭБД басшысының орынбасары.

Қ.Әбдіжаббарованың айтуынша, қазіргідей жағдайда сақтық іс-шараларын ұмытуға болмайды. *«Біз Құрбан айт мерекесі кезінде құрбандық шалу рәсімдері өтетін жерлерде және мешіттерде барлық тұрғынға бетперде киюді ұсынамыз, әсіресе, адам көп жиналатын жабық үй-жайларда бетпердемізді шешпейік»,* – деді спикер.

**А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.**

COVID–19

# ӘЛЕМ ІНДЕТПЕН ҚАЙТА БЕТТЕСТІ

**Коронавирус қайта күш ала бастады. Бұл туралы мамандар, дәлірек айтсақ, осы індет көрсеткішін сәт сайын бақылап отырған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы айтып, дабыл қағып отыр.**

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**




Олардың айтуынша, әлемде кейінгі екі аптада ковидті жұқтыру деңгейі шамамен 30%-ға артқан. Әсіресе, бұл тұрғыда Еуропадан маза қашқандай. Мәселен, Германия мен Италияда тәуліктік өсім 130 мыңнан асқан. Ал Францияда бір күнде 200 мыңнан аса тұрғыннан КВИ анықталған. Сарапшы-мамандар вирустың бұлайша қайта өршуін өте жылдам таралатын «омикрон» штамының өзгерген жаңа түрлерімен байланыстырып отыр.

Қытайдың Аньхой провинциясында бір тәулік ішінде 300-дей адамнан коронавирус анықталған. Осы күрделі эпидахуалға байланысты жергілікті билік өңірде тұратын 1 млн 700 мың адамға карантин тәртібін жариялады. Тұрғындарға үйінен шығуға тыйым салынған, тек тест тапсыру үшін ғана сыртқа шыға алады. Ал Шанхай билігі тұрғындарын ковидке қарсы екпе алуға міндеттеп қойды. Өйткені, 24 млн тұрғыны бар мегаполис коронавирус кесірінен бірнеше ай бойғы локдауннан енді шыққанда, қалада қайтадан вирус жұқтырып жатқандар тіркеле бастаған.

АҚШ-та да ахуал жақсы емес. Джон Хопкинс университеті таратқан мәліметке сүйенсек, кейінгі тәулікте 180 мың науқас тіркелген. Көбінде «омикронның» New BA.5 деген түрі анықталған. Сондықтан мамандар тұрғындарды екпе алуға шақырып жатыр.

Сарапшы-мамандар пікіріне сүйенсек, аталған вирус қалай өзгеретінін болжап айту қиын. Өйткені, ол әлі де сәт сайын құбылып, түрленіп жатыр. Уақыт өте келе адам иммунитеті оңы жеңуге қауқарсыз болып қалуы да мүмкін деген алаң бар мамандар арасында. Сондықтан жұртты қосымша, яғни бустерлік вакцина алуға шақыруда.

Германия болса індеттің жаңа «толқынына» қарсы тұра алу үшін дайындалып жатқан көрінеді. Себебі, бұл елде күн сайын вирус жұқтырып жатқандар саны 100 мыңнан асып жығылуда. Бұл ел әлем ішінде дертке шалдыққандар көрсеткіші бойынша 5-орында тұр. Пандемия басталғалы COVID-19-ды 28 млн адам жұқтырған екен. Жергілікті мамандар алдағы күз бен қыс айларында жағдай ушығуы мүмкін деп, халықты жаппай вакциналау науқанын жүргізуді көздеп отыр.

Әзірге мамандар кісі аяғы көп жүретін жерлерде бетперде тағып жүруге және аурудың қандай да бір белгісі байқалса, тест тапсыруға кеңес беріп жатыр.

КЕҢЕС

# САҚТАНСАҢ, САҚТАЙМЫН!

## Алматыда 23 ковидтік клиника дайындалды

**Кезінде бізге шетел асып жеткен коронавирус біздің көңілге де алаң кіргізе бастады. 8 шілдедегі ақпаратқа сүйенсек, Қазақстанда кейінгі тәуліктерде 334 адам коронавирус жұқтырып алған. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері мәлім етті. Жалпы, пандемия басталғалы елімізде 1 млн 308 541 тұрғын коронавируспен ауырған.**

8 шілде күнгі мәлімет бойынша, елімізде 2001 адам коронавирус инфекциясынан (–1946+ және 55 КВИ-) емделіп жатыр. Оның ішінде 261 пациент стационарда, 1740 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. КВИ+, КВИ- шалдыққандар арасында 15 адамның жағдайы ауыр. Ал Алматымыз елден ерек «сары» аймаққа кіріп кетті. Қуантатын жаңалық емес, әрине. Алматыға жұмыс сапарымен ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов келіп, мегаполистегі эпидемиологиялық жағдай бойынша кеңес өткізді.

Онда баяндама жасаған қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың айтуынша, 7 шілдедегі жағдай бойынша Алматыда стационарларда ковид жұқтырған 87 пациент емделуде, оның 2-еуі реанимация бөлімінде. амбулаториялық бақылауда 834 адам бар.

Алматы қаласының бас сандәрігері Қасымхан Алпысбайұлының айтуынша, көктемнің басы мен орта шегінде ауру көрсеткішінің төмендеуінен кейін қайта жоғарылау тенденциясы байқалуда. Осылайша ауруға шалдығу көрсеткішінің өсуі 0,2%-ға дейін жоғарылаған, ал таралу коэффициенті 1-ден жоғары. Жұқтыру ошақтарының ең көбі Бостандық, Алмалы, Алатау, Бостандық және Медеу аудандарының аумағында орналасқан.

Инфекцияның бұлайша өсу себептері мен көздері тұрғындардың қоғамдық орындарға жиі баруы, үй ошақтарындағы, қалалық қоғамдық көліктердегі, жұмыс орындағы байланыстар, сондай-ақ вакциналау мен ревакциналау қарқынының төмендеуі деп отыр мамандар.

Тұрғындар арасында індетке шалдығу көрсеткішін азайту мақсатында қала әкімдігі вакциналау мен ревакциналау, науқастарды оқшаулау барысын бақылау, негізгі алдын алу ережелерін сақтау қажеттілігі туралы халықпен түсіндіру жұмыстарын күшейту бойынша бірқатар іс-шара қабылдады. Сонымен қатар, пандемияның жаңа «толқынына» төтеп беру үшін Алматыда барлығы 7000 төсек-орындық, оның ішінде 250 реанимациялық төсегі бар 23 ковидтік клиника дайындалды.

Медициналық қоғамдастық өкілдерімен кеңес барысында КВИ-дің алдын алу мәселелері де қаралды. Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов қалада сырқаттанушылықтың өсу жағдайларына, сондай-ақ МСАК жұмысын үйлестірудің, вакциналау мен ревакциналауды ұйымдастырудың маңыздылығына, Алматы қаласының денсаулық сақтау жүйесінің коронавирус инфекциясы аурушаңдығының кезекті ықтимал өршуіне дайындық деңгейіне назар аударды. *«Бүгін қойылған міндеттерді қаланың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен бірлесіп талдап, коронавирус инфекциясының алдын алу және таралуына жол бермеу бойынша қажетті іс-шаралар қабылдауды сұраймын»,* – деп атап өтті Ералы Тоғжанов.

Кеңес соңында вице-премьер қала басшылығына COVID-19-ға қарсы иммундау науқанын күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ, халық арасында сапалы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейту қажеттігін атап өтті.

**Нұр ЖАМАЛ.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

### ШАҺАРДА 85 ЕКПЕ ПУНКТІ БАР

Қалада вакцина алуға тиіс халықтың саны – 1 313 040 адам. 2021 жылдың ақпан айынан бүгінге дейін вакцинаның 1-ші компонентімен 1 228 761 адам, 2-ші компонентімен 1 194 146 адам егілді. 2021 жылдың қараша айынан бүгінге дейін ревакцинациядан 499 043 адам өтті. Бүгінгі күнге Pfizer вакцинасымен 117 554 адам егілген.

Шаһарда 85 вакциналау пункті жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, құрамында 313 маман бар 99 екпе бригадасы жұмыс істейді. Вакцинаның барлық түрінің осы айға қалған қалдығы бойынша 1-ші компонентке – 64 094 доза, 2-ші компонентке – 90 605 доза, ревакцинацияға 103 543 доза бар. Жалпы, 258 242 доза бар.

МАМАН КЕҢЕСІ

**Биыл Алматыда өрік төгілтіп жеміс берді. Дәмі балдай тәп-тәтті өрікті ұнатпайтын адам жоқ шығар. Дегенмен, диетолог-дәрігерлер кейбір адамдарға өрікті шамадан тыс жей беруге болмайтынын ескертеді.**



## *Өрік – асқазанға пайдалы*

*«Өріктің құрамы дәрумендерге, аминқышқылдары және антиоксиданттарға өте бай»,* – дейді диетолог-дәрігер Меруерт Қасымбекова.

Дәрігердің айтуынша, жаз мезгілінде жемісті үнемі тұтыну тұтастай дұрыс жұмыс істеуге пайдасын тигізеді. Өйткені, өрік ас қорытуды жақсартады және иммундық жүйені нығайтады. *«Егер адамның асқазаны қабынбаған, дені сау болса, өрікті қабығымен де жей беруге болады. Ал егер адамда артық салмақ болса немесе тәтті жемістерге аллергиясы болса, өрікті көп жемеген абзал»,* дейді маман.

**Жаз мезгілінде адамдар бас ауруына әдеттегіден жиі шағымданады екен. Мамандардың айтуынша, бұл қалыпты жағдай.**



## *Бас ауырса, су ішіңіз*

Невропотолог-маман Рыскүл Жұманқызының айтуынша, ауа температурасы жоғары кезде адам жиі терлейді. Күн ыстықта терлей бергендіктен ағзаға су жетіспейді. Денеге сұйықтық жетіспеген кезде адамның басы ауыруы мүмкін.

*«Ағзадағы сұйықтық азайған кезде қан айналымы нашарлайды, миға дұрыс қан бармай қалады. Қанның құрамы өзгеріп, қоюланып кетеді. Ал адамның миы көп энергия жұмсайтын болғандықтан, қан айналым бұзылған кезде бас ауырады. Жазда адам өзінің салмағына қарай күніне екі-екі жарым литр су ішуі керек. Қыста 1,5-2 литр су да жеткілікті. Бірақ бір ескеретін жайт, жүрегі, бүйрегі ауыратын адамдарға суды да абайлап ішу керек, науқас адамдарға шамадан тыс мөлшерде су ішу де қауіпті»,* – дейді дәрігер.

**А.НҰРСАБЕТ.**

КӨРМЕ

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

# ӨНЕРДЕ ДЕ ӨМІР БАР

**Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Заманауи сәндік-қолданбалы өнер» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге гобелендер, киіз және кестеленген паннолар, теріден жасалған картиналар, сондай-ақ әр жылдары Қазақстанның қолданбалы өнерінің белгілі кәсіби шеберлерінің қолынан шыққан күміс және мельхиордан жасалған авторлық зергерлік бұйымдар қойылған.**



## Гобелендер сиқыры

Көрме қазақ халқының дүниетанымын, салт-дәстүрі мен өмірін көз алдыңызға әкеледі. Экспозицияның төбесінде ілулі тұрған шаңырақ береке-бірліктің ұйытқысы болса, айналасындағы ою-өрнектер, ал қызыл гүлдермен бейнеленген гобелендер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін хабардар етеді. Тіпті, ырымға негізделген туындыларды да байқауға болады. Балбал тастар, күмістен жасалған зергерлік бұйымдар сайын сахараның тәрбиесінен көрініс береді.

*«Экспозицияға шолу Құрасбек Тыныбековтің «Тау мен дала аңызы», «Байқоңыр» атты монументалдық туындыларынан басталады. Автор қазақ халқының гобелен өнерін дамытуда сүбелі үлес қосқан. Ол шығармашылық жұмыспен айналысу кезінде символизм, метафоризм, таңбаларды зерттеуге талпынды. Осылайша көркем туындысын мәдени мұраға айналдыруда ежелгі және ортағасырлық жауһар туындыларды жасап шығарды. Мұндай таңғажайып туындылар тек хас шебердің қолынан келетін талант десем, артық айтпағаным болар»,* – дейді экскурсовод Нұржамал Ажарова.

Расымен-ақ, «Тау мен дала аңызы» шығармасын тамашалап отырып, дархан даланың тұмса табиғатына, самал желіне, керуен көшіне кез боласыз. Аспанда қалықтап жүрген құстар қошқар мүйізбен бейнеленген. Ақсақал елге батасын беріп, ел амандығын тілегендей кейіпте. Қызара батқан күннің сәулесі айналаға шуағын төгіп тұр. Басында кимешегі бар ардақты ананың қолында садақ ұстаған бозбала. Айналада ақбоз аты, құмай тазысы, қыран бүркіті бар көшпелі қазақ өмірін әсем бейнелеген. Сондай-ақ, «Байқоңыр» атты туындысы қазақ даласындағы өзіндік ғарышты бейнелейді. Төмен жағындағы өрнектелген тау байыптылықты, мамыражай уақытты көз алыңызға әкеледі. Жұлдыздарға көмкерілген кішігірім тас, бейнебір галактика дерсіз. Сырлы өрнекпен безендірілген гобелен сіздің де көңіліңізден шығары сөзсіз.

Қазақ гобелен өнерінің негізін қалаған марқұм суретші Құрасбек Тыныбеков болса, қазақ қыздарының ішінен осы салаға тұңғыш сара жол салған Бәтима Зәуірбекова апайымыз. Ол кісінің де туындылары көрерменнің назарына ұсынылды.

*«Әрмен қарай, ҚР сіңірген қайраткері Шоқан Уәлиханов атындағы Қазақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бәтима Зәуірбекованың «Кеңістік» гобелені қойылды. Ол көбінесе үйлесімділік, тазалық және руханияттың символы ретінде әйел бейнелерін жасайды. Қарап отырсаңыз, туындының аты затына сай. Еркіндікті, шабытты, бақытты сезуге болады. Бұған дейін бұл туынды көп жерде қойылмаған. Сол себептен анықтап қарасаңыздар, ерекше тұстарын байқауға болады»,* – дейді Нұржамал Ажарова.

Орта ғасырларда өмір сүрген ағайынды Гобелендер негізін салған өнер сайын сахараны артқа тастап, қазақ даласында да кеңінен танылған. Гобеленге қарап қазақтың тоқыма, тақыр кілемін салыстырар болсақ ешқандай да айырмашылық байқалмайды. Тура бір егіз өнер дерсіз. Бүгінде көпшілігі гобеленді «алашаның заманауи түрі» деп атап кеткен. Қалай десек те, гобелен өнерінің қалыптасуы қазақ халқының қолөнерінде басымдылыққа ие болды.

*«Барлығын тамашалап жүріп ерекше әсер алдым. Маған мұражайдағы туындылар көңілімнен шықты. Барлығын дерлік ерекше ықыласпен жасағандығы көрініп тұр. Түстердің үйлесімділігін, шаңырақтың орналасуы мені таңқалдырды. Сондай-ақ, Ә.Бапановтың «Зымыраған уақыт» гобелені мені қатты ойландырды, қарап отырып көзім де, көңілім де тойды. Алдағы уақытта осындай іс-шаралардың көп ұйымдастырылғанын қалар едім»,* – дейді көрермен Сымбат Ержанқызы.

## Паннолар да сыр шертеді

Көрмеге гобелендерден бөлек, панномен жазылған Үмбетов Жәңгір мен Иханова Алмагүлдің «Балбалдар», «Құшкөн», «Темірқазық», «Дала әуені», «Қорқыт» атты паннолары қойылған. Монументтік бенелеу өнерінің шығармасына жататын панноны шеберлер өз көзқарасымен жеткізген. Мәселен, «Балбалдар» туындысына қарап бабаның көзі, талай тарихтың куәсі болған тастарды байқаймыз. Түркілер мәдениеті мен өнерінен, өмірі мен діни-нанымынан хабар береді. Ежелгі түркі дәуірінен бастап, орта ғасырға дейін сақталып келген балбал ескерткіштері қазақ даласының әр жерінде кездеседі.

Сондай-ақ, ерлі-зайыпты Әлібай Бапанов пен Сәуле Бапановның шығармалары түрлі-түсті жағымды түстерге бай. Заманауи шығармашылық ізденістерімен ерекшеленетін отбасының «Жер-Ана», «Галактика» паннолары, «Үш әлем», «Зымыраған уақыт» гобелендері ұсынылды.

«Бапановтар әулетінің гобелендері мен киіз панноларында кескіндемелік және графикалық композициялардың принциптері, түстік қатынастардың сәнділігі мен қайшылығы үйлесім тапқан. Және табиғи тастарды өңдей отырып, жаңа техника мен материалдарға тәжірибе жасайды. Бұл шеберлердің шығармашылығын заманға сай бейнелі ете түседі», – дейді «Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері» бөлімінің ғылыми қызметкері Н.Ажарова.

Экспозицияға Попов Юрийдің «Керуен» атты қыш, глазурден жасалған мүсіні қойылған. Қазақ өркениетінен хабар беретін туындыда қарапайым көшпелі қазақ өнері бейнеленеді. Түйеге мінген ерлі-зайыптылар риясыз көңіл күйде өрнектелген. Әйел адамның басында тақиясы, сәнді моншағы болса, ер жігітте жинақы шапаны бар. Қасынан бақытты сәбиді де көруге болады. Кішігірім туынды көңілді таудай етері сөзсіз.



## Әшекейлер әлемі

Сонымен қатар, көрмеде әйелдерге арналған көрсе көздің жауын аларлық зергерлік бұйымдар да орын алған. Ақ түсті металдан жасалған тойға арналған жүзікті білезік, алқа, әдемі сырғалар да қойылған. Сондай-ақ, түрлі-түсті тастардан өрнектелген әйелдердің белдігі, ақ түсті металдан жасалған камзолдың түймелері, көненің көзі боларлық кеудеге тағатын бойтұмары да бар. Ержан Бәшіровтің қолынан шыққан «Үш белгі» алқасы көне түркілердің әдет-ғұрпына негізделген. Ал «Көне сарындар» білезігі қыз-келіншектің қолына әдемілік пен нәзік берері сөзсіз.

*«Иә, көрмеде гобелен мен паннолардан бөлек әшекейлер де қойылды. Күміс кір жинамайды. Зергерлердің сүйікті материалы. Қазақ үшін қандай бұйымның болсын әсемдігімен қатар қасиеті мен киесі де айрықша мәнге ие болған. Жаман нәрселерден қорғау қасиетіне, мәніне қарай қалыбы мен ою-өрнегі, жасалатын материалы да түрліше болады. Күмістің жылтылы мен түсі ежелден айдың жарығына баланды. Боз ғаламшар мен күміс бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл металды түнгі жарықтың бір бөлігі ретінде қабылдаған халқымыз оған түрліше құдіретті қасиет берген. Баланы шомылдырғанда суға күміс теңге мен сақина тастап, «Баланың күні күмістей жарық болсын» деуі тегіннен-тегін емес»,* – дейді музей қызметкері.

Заманауи сәндік-қолданбалы өнер экспозициясы суретшілердің түрлі ұрпағына жататын қазақстандық керамика және заманауи зергерлік өнер шеберлерінің шығармашылығымен таныстырады. 1970 жылдан 2000 жылдың басына дейінгі кезеңінде жасалған авторлық түпнұсқа туындылары жаңа формаларды, бейнелерді және көркем-пластикалық шешімдерді іздеумен сипатталады.

Талантты жандардың сіз бен біз біле бермейтін шығармалары әлі күнге өзектілігін жоймаған. Тарихы терең, өткеннен өнеге беретін өнер туындыларын тамашалауға асығыңыз!

## НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?




### «Ежелгі орыс өнері»

**Өтетін орны:** Қазақстан Республикасының Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде.
**Көрмені ұйымдастырушылар** – «United Charity Projects Evolution» қоғамдық қорының қолдауымен Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ және Қазақстанның Православ шіркеуі.
**Көрмеде:** А.Қастеев атындағы музей қорынан XVII-XIX ғасырлардағы Ежелгі орыс өнерінің толық топтамасының аннотациялары бар эксклюзивті каталог ұсынылады.
**Күні мен уақыты:** 12 шілде, 15.30.

### «Енелер мен келіндер»




**Өтетін орны:** Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры.
**Авторы:** Сұлтанәлі Балғабаев.
**Қоюшы-режиссері:** Ержан Қауланов.
**Қоюшы-суретшісі:** Нұржан Сәменов.
**Жанр:** комедия.
**Ұзақтығы:** 1 сағат, 20 минут.
**Күні мен уақыты:** 25 шілде, 18.30.




### ФК «Кайрат» – ФК «Кишварда»

**Өтетін орны:** Орталық стадион.
**Күні мен уақыты:** 21 шілде, 20.00.
**Жас шектеуі:** 5 жасқа дейін тегін.
**Сыйымдылығы:** 23 804.

ТАҒЗЫМ




# Хас өнердің ханзадасы

**Алматыдағы Назарбаев даңғылы бойындағы №116 үйдің қабырғасына 1977–2014 жылдар аралығында осы үйде тұрған КСРО және Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, балетмейстер Рамазан Баповтың құрметіне ескерткіш-тақта қойылды.**




**Рая ЕСКЕНДІР**

Мемориалдық тақтаның ашылу салтанатында алғашқы сөз кезегін қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев алып, қайталанбас өнер иесіне деген құрметін білдіріп, жүрекжарды тілегін жеткізді.

– *Өнері өміріне айналған бірегей тұлға Рамазан Баповтың есімі тарих бетінде мәңгі қалары сөзсіз. Ол сонау Кеңестік дәуірдің өзінде жарқ етіп танылған бірегей өнер иесінің бірі болды. Қазақ өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Рамазан Баповтың шәкірттері әлі де қажырлы еңбек етіп жатыр. Тұтас тарихты жасап, үлкен мектебін қалыптастырып кеткен дара талантқа, тарихқа құрмет – ұрпаққа міндет,* – деген Данияр Әлиевтің сөзінен соң мемориалдық тақта ашылып, Баповтың бекзат бейнесі көрінді.

**Эдуард МӘЛБЕКОВ, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі:**

## Рамазанды қонақүйге дейін көтеріп апарды

Рамазан енді ұзақ жылдар тұрған үйінің қабырғасынан қарап тұратын болды. Оның есімі жаңғырып, бүгін рухы шалқып жатыр. Әлі есімде, бірде біздің училищеге оқуға түсу үшін Рамазан келді. Оның екі ағасы да бізде оқитын. Олардың әке-шешелері теміржолшылар еді. Қағылез бала барлық талапты орындап, оқуға қабылданды. Ол жоғары білім алды. Елге ерте танылды. Алғашқы орындаған шығармасы «Аққу көлі» балеті еді. Сол кезде біз оның алғашқы қадамынан-ақ би падишасының дүниеге келгенін білдік. Ол қарапайым, мәдениетті, кішіпейіл азамат болатын. Біз «Спартак» балетімен Жезқазғанға бардық. Сахна өте кішкентай болды. Біз іштей «Рамазан мына сахнада қалай секірер екен» деп қатты уайымдаған едік. Сол жолы көрермендер Рамазанды қонақүйге дейін көтеріп апарды.

**Әлібек ДІНІШЕВ, КСРО және Қазақстанның Халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері:**

## Мен оны туған бауырымдай көрдім

Рамазан менің жақын досым болды. Екеуміз өнер сапарларымен талай елде бірге болдық. Әңгімені өте жақсы айтушы еді. Өте білімді, жады да мықты болатын. Өмірлік қосағы екеуі жарасымды жұп болды. Людмила оны еркелетіп, «Рамашок» деп атайтын. Совет Одағы кезінде Рамазанның есімі Васильев, Лавровский, Лиепа сынды балеттің мықтыларымен қатар аталатын. Мен Рамазанды өзімнің туған бауырымдай көрдім. Мен сіздерді жақсы көремін, ал Рамазан Баповты қатты жақсы көремін.

**Бақыт БӨКЕБАЕВ, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының директоры:**

## Ол тәрбиелеген жүздеген шәкірт бар

Балет өнерінде тұңғыш рет КСРО Халық артисі атанған да осы Рамазан ағамыз еді. Өзі тұрған үйге ескерткіш-тақта қойып, құрмет көрсетіп жатқан жайымыз бар. Дара тұлғаның есімін жаңғыртып, еске алып отыру – біздің парызымыз. Сол үшін осы жолда қолдау білдіріп, көмек көрсеткен барша қауымға Абай атындағы Ұлттық опера және балет театры ұжымы атынан ризашылығымызды білдіреміз.

Рамазан Салықұлы – қазақ халқының атын дүние жүзіне танытқан ерекше дара таланттардың бірегейі. Кезінде Еуропа, Америка мемлекеттерінде өнер көрсетті. Биік сахналардан халқымыздың атын шығарып, абыройын асқақтатты. Бүгінде сол мемлекеттерде де тәрбиелеген жүздеген шәкірттері бар.

07.05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
07.40 Латын
08.10 Жұмадағы жүздесу
09.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
10.10 «Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Ғибратты ғұмырлар
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 Жұмадағы жүздесу
14.10 Рухани байлық
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-6»
17.00 Orkeni style
17.20 Менің Анам Әкем
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Жұмадағы жүздесу
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Syrym story
19.35 ТамашаLike
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.10 «Үлкен үй-6»
22.00 Дара тіл
22.30 Руханият
23.00 Балалық шаққа саяхат
23.30 Сырласайық





## СЕНБІ 16 ШІЛДЕ

### ALMATY TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.45 Әзіл кеші
8.00 Детский киноклуб (қаз.)
9.00 Детский киноклуб. Союзмультфильм
10.45 Детский киноклуб. «Заколдованная гора, 101 мин»
12.00 Концерт. «ALMATY DREAM PARTY»
13.00 Әсем әуен
13.30 Әзіл кеші №4
15.00 Женский киноклуб. «Когда меня полюбишь ты»
17.00 Женский киноклуб. «Можете звать меня папой»
19.00 Ұлттық Домбыра күніне арналған мерекелік концерт
19.30 Отандық кино
22.00 Мужское кино. «Мужчина нарасхват»
0.00 Мужское кино. «ПРИЗРАЧНЫЙ ПАТРУЛЬ»
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

### QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Теледәрігер»
7.30 AQPARAT
8.00 «Көңіл толқыны»
9.00 Мультхикая
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
14.30 «Қазақ жігіттері». Ернар Айдардың концерті
16.10 ТҰСАУКЕСЕР! «САРАЙ КОРГИЛЕРІ». Мультфильм (АҚШ, Бельгия, 2019 ж.)
17.35 «КҮЙ-КЕРУЕН»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 Төреғали Төреәлінің концерті
21.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. БАЛАЛАР». Тікелей эфир. Финал
23.00 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (с субтитрами)
23.30 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. БАЛАЛАР». Тікелей эфир (жалғасы)
23.50 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (жалғасы)
0.10 «Әзіл әлемі»
1.15 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама
1.55 «Дәуір даналары». Деректі фильм
2.40 «Жәдігер»
3.00 Әнұран

### ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 Телесериал
07.00 Телехикая марафоны «Өз үйім-2»
09.00 Тарих. Тағдыр. Тұлға
10.00 «Tangy fresh»
10.30 «Ән әлемі»
11.00 Кино
12.45 Телехикая марафоны «Келінжан»
16.00 Телесериал
18.00 Мегахит
20.00 «Aitystar»
22.00 Концерт «Айтылмаған бір әнім бар»
24.00 Телехикая марафоны «Көкжал-2»
01.00 ҚР Әнұраны

### 31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Тәтті шоу
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ALL»
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 «Bizdin show» (қайталау)
12.00 КИНО. «Родной ребенок»
15.30 Анимационный фильм «Лови волну!»
17.30 КИНО. Асель Садвакасова в комедии «Жена-не стена»
19.20 КИНО. «Ямакаси. Новые самураи»
21.10 КИНО. Сирил Раффаэлли в боевике «13 район»
23.00 Концерт. «Алдараспан»
01.30 What's up?
02.00 «31 әзіл»
02.30 Тамаша live
03.30 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.05 «П@УТINA» бағдарламасы
9.00 Лидия Вележева, Станислав Бондаренко, Виталий Хаев в фильме «ГРЕХ»
11.05 Дарья Волга, Прохор Дубравин, Сергей Коршиков в многосерийном фильме «ПОСЛЕ ЗИМЫ»
15.00 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.45 «ОА» телехикаясы
19.55 «В РОЗЫСКЕ» телехикаясы
21.00 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22.15 Мария Куликова, Семён Шкаликов в многосерийном фильме «ПАРФЮМЕРША»
2.20 «П@УТINA» бағдарламасы
3.05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.35 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.00

### 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.10 Опмай-опмай
09.00 Х/с «Можешь мне верить»
13.00 Реалити-шоу «Моя игра»
13.30 Жұлдызды жұп
15.10 Т/п «Той-like»
16.10 Т/х «Тақиясыз періште»
18.30 Шоу «Удивительные люди»
21.00 Х/ф «Уцелевшая»
22.50 Шоу «Маска»
02.00 Опмай-опмай
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

### КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.20 «ҮЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая (худ.сериал)
07.45 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.30 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «Я ЛЮБЛЮ СВОЕГО МУЖА», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00 «СЕН ДЕ, МЕН ДЕ», Ғазизхан Шекербековтің ән-шашуы
21.00 «КОРЗИНА ДЛЯ СЧАСТЬЯ», мелодрама (1–4 серии). В ролях: Анна Кошмал, Мария Кононова, Тарас Цымбалюк (худ.сериал)
00.50 «МЕЧ», криминальный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

### QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди женщин. Нидерланды – Португалия
09.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа және Конференция Лигасының шолуы
09.55 Арнайы репортаж
10.05 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Алматы» – «Жетісу-2» (Әйелдер). 1 тур
11.40 «КӨКПАР». Ұлттық ойын. 8 ойын. Қарағанды облысы – Атырау облысы
12.20 «Топ жарған тоғызқұмалақшылар». Арнайы репортаж
12.30 «АУДАРЫСПАҚ». Ұлттық ойын. 2-күн
14.55 «PRO FOOTBALL». Маусым қорытындысы
15.30 «Стрелок – это характер». Специальный репортаж
15.45 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Маңғыстау» – «Ұшқын-Көкшетау» (Ерлер). 1 тур
18.15 «КӨКПАР». Ұлттық ойын. 9 ойын. Павлодар облысы – Ақтөбе облысы
19.00 «SUPERBOL». 2 выпуск
20.00 «PRO FOOTBALL». Маусым қорытындысы
20.35 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 2 сезон. 3 выпуск
21.00 ДЗЮДО. Grand Prix. Загреб. Тікелей эфир
23.35 Мақсат Исағабыловпен сұхбат
00.05 «Против ветра» Чемпионат РК по велоспорту. Специальный репортаж
00.20 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
00.50 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди женщин. Дания – Испания. Прямой эфир
02.50 Әнұран

### BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
7.40 «Смайтиктер» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 «Дарын мен Айзере» ситком
8.45 Тұсаукесер! «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.20 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 «Биші қыз» толықметражды мультфильм.
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
13.25 «Тентек» телехикаясы
13.55 Анимация. Отандық / «Томпи»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.35 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
14.40 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.10 Тұсаукесер! «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
15.30 «Смайтиктер» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере» ситком
16.25 «Толағай» спорттық бағдарлама
16.55 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Сәби»
18.30 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
18.35 «Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Ертемір»
19.40 Анимация. Отандық / «Екі дос»
19.50 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
20.25 «Тентек» телехикаясы
20.55 Анимация. Отандық / «Томпи»
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 Анимация. Отандық / «Ертемір»
23.30 Анимация. Отандық / «Екі дос»
23.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

### ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «Шаншар»
15.10 «Громовы» телесериал
19.00 «Каникулы OFF-LINE»
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23.35 «NINETY ONE» Х/ф
01.30 «Қағаз кеме» телехикаясы
02.20 «AZIL keshi»

### TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Ой-талқы
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Қышқыл мысқыл
14.10 Емен жарқын
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Дода» – Көркем фильм
18.00 Тәтті time
18.50 Денсаулық сыры
19.00 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.15 Саммари 100 кітап
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.10 25-сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 Руханият
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 Саморазвитие с Маржан коуч




«Қазақстан дауысы. Балалар». «Қазақстан» арнасы. Сағат 21.00-де.



## ЖЕКСЕНБІ 17 ШІЛДЕ

### АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.45 Әзіл кеші
8.00 Детский киноклуб (қазақша)
9.00 Детский киноклуб. Союзмультфильм
10.30 Детский киноклуб. «Три мушкетера, 76 мин»
12.00 Әсем әуен
13.30 Әзіл кеші №5
15.00 Женский киноклуб. «Выйти замуж любой ценой»
19.00 «Мәңгілік ел» Болатбек Қатықбаевтың шығармашылық кеші
20.30 Отандық кино
22.00 Кино выходного дня. «Когда меня полюбишь ты»
0.20 Мужское кино. «Криминальные боссы»
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

### QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Теледәрігер»
7.30 «Зинһар»
8.05 «Сағындырған әндер-ай»
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». Финал
14.30 «Сарай коргилері». Мультфильм (АҚШ, Бельгия, 2019 ж.)
15.50 «Жан анам». Майра Ілиясованың концерті
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней ұсынады. «МАЛЕФИСЕНТА. ТҮНЕК ӘМІРШІСІ». Мультфильм (АҚШ, Ұлыбритания, Канада, 2019 ж.)
21.45 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (с субтитрами)
22.45 «Көңілді тапқырлар алаңы»
0.10 «Күй-керуен»
0.40 «Мұра». Деректі фильм
1.00 «Зинһар»
1.45 «Ауылдастар»
2.15 «Жәдігер»
2.35 Әнұран

### ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 Телесериал
07.00 Телехикая марафоны «Өз үйім-2»
09.00 Концерт «Айтылмаған бір әнім бар»
11.00 Кино
12.45 Телехикая марафоны «Келінжан-2»
16.00 Телесериал
18.00 Мегахит
20.00 «Aitystar»
22.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
23.00 Телехикая марафоны «Көкжал-2»
01.00 ҚР Әнұраны

### 31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күлпі ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Анимационный фильм «Лови волну!» (повтор)
12.00 КИНО. Асель Садвакасова в комедии «Жена-не стена» (повтор)
14.00 КИНО. «Ямакаси. Новые самураи» (повтор)
16.00 КИНО. Сирил Раффаэлли в боевике «13 район» (повтор)
18.00 КИНО. Джейми Фокс, Леонардо ДиКаприо в боевике «Джанго освобожденный
21.30 «Bizdin show» (қайталау)
23.30 КИНО. «Родной ребенок» (повтор)
02.15 What's up?
03.00 Тамаша live
03.30 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.05 «П@УТINA» бағдарламасы
9.00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.15 Александр Домогаров, Елена Дробышева, Сергей Газаров, Екатерина Маликова в многосерийном фильме «МОЯ ВТОРАЯ ПОЛОВИНКА»
13.20 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
15.00 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.45 «ОА» телехикаясы
19.55 «В РОЗЫСКЕ» телехикаясы
21.00 Мария Куликова, Семён Шкаликов в фильме «ПАРФЮМЕРША»
1.15 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ»
2.50 «П@УТINA» бағдарламасы
3.35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5.05 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.30

### 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/п «Регина +1»
07.20 Сәлем, Қазақстан!
09.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
11.00 Х/ф «Уцелевшая»
13.00 Реалити-шоу «Моя игра»
13.30 Сәлем, Қазақстан!
15.10 Т/п «Той-like»
16.10 Т/х «Тақиясыз перiште»
18.15 Шоу «Один в один»
21.00 Х/с «Моя идеальная мама»
00.50 Шоу «Музыкальная интуиция»
02.40 Сәлем, Қазақстан!
04.10 Т/х « Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

### КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ӨМІР-ӨЗЕН»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «КОРЗИНА ДЛЯ СЧАСТЬЯ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00 «ТАМАША», Ернар Айдардың ән шашуы
21.00 «ЧУДО ПО РАСПИСАНИЮ», мелодрама. В ролях: Сергей Стрельников, Катя Молчанова (худ.сериал)
00.40 «МЕЧ», криминальный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

### KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Кубогы. «Астана» – «Шахтер»
09.10 «SUPERBOL». 2 выпуск
10.00 ТЕННИС. Challenger 80. Тікелей эфир
12.00 ТЕННИС. Challenger 80. Тікелей эфир
14.00 ТЕННИС. Challenger 80. Тікелей эфир
16.00 ТЕННИС. Challenger 80. Тікелей эфир
18.00 «SUPERBOL». 2 выпуск
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Кубогы. «Ақжайық» – «Каспий». Тікелей эфир
21.00 ДЗЮДО. Grand Prix. Загреб. Тікелей эфир
23.30 Мақсат Исағабыловпен сұхбат
23.55 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди женщин. Швеция – Португалия
01.55 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
02.45 Әнұран

### BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
7.40 «Смайтиктер» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 «Дарын мен Айзере» ситком
8.45 Тұсаукесер! «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайысы
9.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.20 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
11.55 Анимация. Отандық / «Күшік»
12.10 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
13.25 «Тентек» телехикаясы
13.55 Анимация. Отандық / «Томпи»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
14.40 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.10 Тұсаукесер! «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
15.30 «Смайтиктер» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере» ситком
16.25 «Толағай» спорттық бағдарлама
16.55 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
18.35 «Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
19.50 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
20.25 «Тентек» телехикаясы
20.55 Анимация. Отандық / «Томпи»
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
23.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

### ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.30 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «Алдараспан»
15.15 «103» телесериал
18.00 «Брат или брак» Х/ф
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23.35 «Каникулы OFF-LINE» Х/ф
01.20 «Өрмек» телехикаясы

### TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.10 «Баланы бала демеңіз» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Жанұя – көркем фильм
17.20 Ұлттық спорт – Самал жел
18.00 Өнер қырандары
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style



«Өмір ызғары». 2-маусым. Телехикая. «Қазақстан» арнасы. Сағат 21.45-те.

ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

# ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



(Басы 1-бетте)

Құрбан айт мерекесі Ораза айтынан кейін дәл 70 күннен соң келеді. Ол араб тілінен аударғанда «жақындау» деген мағынаны береді. Демек, мұсылмандар сауап жасай отырып, Аллаға жақындай түседі. Құрбан айт мерекесінде тек құрбандық шалынып қоймайды. Бұл кезде адам баласының ішкі ниеті мен пейілі, дінге деген беріктігі мен өзгелерге жанашырлығы таразыға түседі.

***Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы өткен аптада БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында Құрбан айт мерекесі туралы түсініктеме беріп, діни мерекеде қандай сауапты істер жасауға болатынын айтып берген-ді.***

*«Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде жағдайы келген мұсылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған.*

*Алла Тағала елімізге амандық, жұртымызға тыныштық бергей. Ізгі ниетпен шалатын құрбандығымыз, қажылық сапарында жүрген жерлестеріміздің қажылығы қабыл болғай. Әмин!»*, – деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

Құрбан айт – мұсылмандардың жыл сайын атап өтетін қасиетті діни мерекесі.

Мұсылмандар үшін Құрбан айттың бірінші күні маңызды болып саналады. Бұл күні мешіттерде айт намазы оқылады. Айттың осы бірінші күнінде адамдар бір-бірін құттықтап, бір-бірінің үйінен дастарханнан дәм татады. Бұл күні әр мұсылманның үйінде бауырсақ, шелпек пісіріліп, дастархан жайылады.

Ендеше, сіз де Құрбан айт күні ертерек тұрып, ғұсыл алыңыз. Таза киім киіп, хош иісті әтіріңізді себіңіз де, көшеде жолыққан адамдарға жарқын жүзбен «Айт қабыл болсын, мереке құтты болсын!» деп тілек айтыңыз... Құрбан айт кезінде мұсылмандардың шамасы келгені қажыға барады.

Айттың үш күнінде жасалатын ғибадат кезінде олар Сауд-Арабия еліндегі Мекке, Медине қалаларын аралап, пайғамбарымыз Мұхаммедтің жүрген жерлерін көреді және ізгі істерімен танысады. Құрбандық шалады.

КЕРЕК КЕҢЕС

### *Құрбандыққа қандай мал шалынады?*

Құрбандық шалу кезінде малды өз қолымен бауыздаған жөн. Егер бауыздай алмаған жағдайда қасапшының жанында болып, өз көзімен көруі керек.

Құрбандыққа малдың үш түрін: түйе, сиыр, қой не болмаса ешкіні союға болады. Құсты союға болмайды, ал жылқы малы Имам Ағзам жолы бойынша соғыс көлігі саналатындықтан құрбандыққа жатпайды. Құрбандыққа төрт түліктің еркегі мен ұрғашысы да жарай береді. Қой мен ешкі төлі бір жастан асқаны жөн. Алайда, алты айлық қозы болса да, ірі, бір жастағы қоймен бірдей болса, құрбандыққа шалуға болады. Егер сиыр шалынса, жасы екіден, түйе болса, бес жастан асуы қажет. Сонымен қатар, малдың дені сау, барлық мүшелері түгел болуы міндетті.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!

### *Не үшін құрбандық шалады?*

Құрбандық – мұсылман танымы бойынша Құдайдың разылығы үшін берілетін садақа, діни амал. Мұсылман ғалымдары құрбан шалуды уәжіп етілген амал санайды. Яғни жағдайы бар адамдар шалса болады. Ол үшін ең алдымен ниеттенеді. Сосын жарамды саналған малды құрбандыққа шалады. Бұл – Ибраһим пайғамбардан келе жатқан рәсім.

Меккенің жанында Ибраһим өзінің ұлын құрбандыққа шалмақ болады. Бірақ Құран Кәрімде ұлының аты аталмайды, аңыздарда Исмаил делінеді. Алла Ибраһимнің ниетіне риза болып, ұлының орнына құрбандыққа шалуға көктен тоқты түсіреді. Содан бері Алла жолына құрбандыққа қой шалу дәстүрі жалғасып келеді. Құранда баяндалатын бұл оқиғалар (14-сүре, 41-аят; 37-сүре, 41-аят) Тәуратта да кездеседі (Быт: 1-12, 22:2-12).

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

### *Құрбандық шалудың мәні*

Пітір – жан садақасы. Зекет – мал садақасы. Құрбандық – әр пенденің бүкіл адамзат әлемі алдында өтейтін парызын көрсететін, діни наным бойынша Құдай алдында өз миссиясын ақтауға дайын екендігін білдіретін садақа.



БІЛГЕНГЕ – МАРЖАН...

### *Құрбандықтың етін кімге берген дұрыс?*

Жан саны көп немесе қиыншылығы бар отбасылар құрбандық етін толықтай өздеріне қалдырады. Ал сиыр не түйе сойғандар мұқтаж жандарға таратып береді. Онда тек үш бөлікке бөліп тарату деген шек жоқ. Ең маңыздысы, мұқтаждардың не ниеті түзу адамдардың пайдасына жарап, қарнын тойдырса жетіп жатыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

# Қажылық – қасиетті құлшылық

**Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Алматы әуежайында қажыларды қасиетті мекенге шығарып салған болатын.**

Бас мүфти ұлы сапарға аттанып бара жатқан қажыларға сәт-сапар тілеп, бес парыздың бірі қажылық құлшылығының мән-маңызына тоқтала келе, былай деген еді:

«Пандемия салдарынан екі жыл бойы қажылық есігі жабық болған еді. Енді міне, Алланың қалауымен, Хақ Тағаланың шақыртуымен қасиетті Қағбатуллаға қажылыққа аттанып барасыздар. Алла сапарларыңызды мүбәрак етсін! Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жаман сөз сөйлемей, күнәлі әрі орынсыз ешнәрсе жасамай, Аллаға қажылық жасаған адам анасынан жаңа туғандай (күнәсіз) оралады» деген. Ендеше, осы ұлы сапарда Алла Тағала барша отандастарымызға Өзінің жеңілдігін беріп, аман-есен құлшылығын өтеуді нәсіп етсін!».

> *« Құрбан айт – мұсылмандардың жыл сайын атап өтетін қасиетті діни мерекесі »*

Айта кетейік, Алматы әуежайынан 400-ге жуық адам парызын өтеуге аттанған. Жалпы, елімізден 4000 адам қажылыққа баруға ниеттенген болатын. Оларға 14 қажылық компаниясы қызмет көрсетіп отыр.




**Бетті дайындаған**
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

БӘРЕКЕЛДІ!

# АНА – БАЛА ҮШІН БӘРІНЕ ДАЯР

**Алматылық Зухра Касаинова – ерекше баланың анасы. Ол ұлын қиналып босанған болатын. Өте ауыр өткен туыт кезінде балаға церебральды сал ауруы, гемипарез және эпилепсия диагноздары қойылған-ды.**



Дәрігерлердің «балаңыз болашақта жүре алмайтын болады, тіпті, тілі шықпауы да мүмкін» деген болжамына қарамастан Зухра өмірге шыр етіп келген нәрестесінен бас тартқан жоқ, «қандай қиындық болса да маңдайымнан көремін» деп шешті.

Баласын туғаннан түрлі оңалтау орталықтарына құшақтап апарып, үйде де қарап отырмай күнделікті түрлі жаттығулар жасап, аналық махаббатын, күш-қуатын салғандықтан, ұлы аяғын басатын халге жетті. Қазір 11 жасқа келген баласы әліппені, барлық санды, түстерді таниды. Тіпті, ойша санауды да біледі. Қуанышты ана мұндай керемет жетістікке американдық дәрігер-физиотерапевт (жүйке жүйесі бұзылған балаларды зерттеп, олардың да дамып, жетілуіне күш салатын әдістер ойлап тапқан ғалым) әдістемесі арқасында жеткендерін айтып отыр.

***

*– Біз алдымен YouTube-тан осы әдістеме бойынша түсірілген бейнероликтерді қарай бастадық. Кейінірек ұлымның бұл бейнежазбаларды қуанып қарайтынын, аса ықылас қойып көретінін байқай бастадым. Сондықтан Доманның карточкаларына тапсырыс беріп алдырттым. Баламның психо-сөйлеу дамуы жағынан алға жылжып келе жатқанын көрдім. Қуанышымда шек болмады. Ұлымның әр жетістігі маған шабыт сыйлады, өзі де өзіне дем беріп, алға ұмтыла түсті. Бірақ бұл бейнероликтер мен карталар тек орыс тілінде ғана болды. Сол кезде басыма мен секілді жүздеген ата-анаға көмек бола алатын ғылыми әдістемені ана тілімде, яғни қазақ тілінде «сөйлету» идеясы келген болатын,* – дейді Зухра.

Нәтижесінде ол «Smart balaqai» деп айдар таққан жеке кәсібін ашып, қазақ тіліндегі бақандай 20 тақырып бойынша карталар мен бейнероликтер жасап шығарып, арманын жүзеге асырды. Оның кәсібіне, әрине, бірінші кезекте мемлекет қолдау көрсетті. Зухра қазақ тіліндегі әдістемелік құралдарды жасау және басып шығару үшін қаржы көзін, дәлірек айтсақ, 2,7 млн теңге мөлшеріндегі қайтарымсыз грантты осыдан екі жыл бұрын, яғни 2020 жылы «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша жеңіп алған болатын.

***

Зухра кез келген ананы баласы үшін ең үздік ұстаз деп санайды және өзі секілді ерекше бала бағып, тәрбиелеп отырған әйел-аналарды мұңаймауға, үміттен, жақсы күндерден қол үзбеуге, балаларын өмірге өзі жемісін көрген ерекше әдіспен бейімдеуге шақырады. Ақыл-ойды дамытатын, түрлі түстермен, қызықты суреттермен өрнектелген бұл карталар мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, мектеп жасына дейінгі дені сау балдырғандарға да қолдануға болады. Зухраның айтуынша, қазақша сөйлеткен әдістемелері баланы ассоциативті ойлай білуге, ауызекі дұрыс сөйлеуге, қиялды дамытуға үйретеді. Бір сабаққа орта есеппен 10–15 минут қана кететін көрінеді және оны ана мен балаға қолайлы кез келген жерде өткізе беруге болады.

***

Шыны керек, «жұмыстан шаршап келдік» дегенді сылтауратып, үйдегі сап-сау бір-екі баланың еркелігін немесе «арлы-берлі жүгіріп қойдың» деп немерелердің у-шуын да көтере алмай жатамыз кейде. Ал оның жанында, қазіргідей қым-қуыт заманда, туғаннан кемтар бала бағып келе жатқан аналардың қажыр-қайратына бас имеске шараңыз қалмас!

Сондай ерекше баланың ең мейірбан анасы, әлеуметтік кәсіпкер, Г.Доманның әлемдік әдісі негізінде әзірленген қазақша «Smart balaqai» интеллектуалды дамыту карталарының авторы Зухра Касаинованың бүгінде өзі секілді аналарға тағдырға мойынсұнбай, тек алға жылжи беруге, баламен бірге дамуға, өмірдің кез келген тартуын сабырмен, төзіммен қабылдай білуге үйретіп, шабыт сыйлап, қажыр-қайрат беріп жүрген жайы бар.

Жалпы, Зухраның айтуынша, оның әдістемелік құралдары мемлекеттік тілдің дамуына, баланың дұрыс жетілуіне және мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетуге, сондай-ақ ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың әдеттегіден де орнықты болуына, нығая түсуіне ықпал етеді.

Аналар да, балалар да, жалпы, барлық отбасы аман болсын! Әлеуметтік кәсіпкердің тілегі осы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУҒА ИЕ

Алматы қаласы Әл-ауқат басқармасы өкілдері берген ақпаратқа сүйенсек, бүгінгі күні Алматы қаласында мүмкіндігі шектеулі 53 мың адам бар болса, оның 8 мыңы – бала. Биыл жеке оңалту бағдарламасына сәйкес мүгедек адамдар мен балаларды техникалық құралдармен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз етуге мемлекеттік бюджеттен 6,5 млн теңге бөлінді.

Қазақстанда мүгедектігі бар адамдарға жәрдемақының екі түрі төленеді, олар мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы және тиісті заңдармен регламенттелетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы.

Сондай-ақ, елімізде бұл топтағы жандарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмек беріледі; мемлекеттік және өзге де ұйымдарда, оның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда кезектен тыс қызмет көрсетіледі; шығармашылық қабілеттерін дамытуға әрдайым қолдау танытылады; қоғамдық көлікте тегін және жеңілдікпен жүруге жағдай жасалған.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

**«Алтын асығым» 14 жаста. Бозбала шаққа аяқ басты. Есейіп келеді. Әкесі «кешке кештеу баратын шығармын, үйге қарбыз ала барарсың» деп қолына ақша ұстатыпты. Аптап ыстықта ентігіп, дәу қарбызымен кіріп келе жатыр үйге. «Құлыным, құлынымдап» алдынан шықтым, бетінен сүйіп жатырмын. Жігіт болғаны ма, осы күні бетінен сүйе бергеніме ұялатын сияқты көрінетіні бар кей-кейде.**

# Сиқырлы таяқша

Олжасым қарбызын жерге қойып жатып, қалтасынан шоколад шығарды.

– Мынау сізге. Осындай шоколадпен шай ішкенді жақсы көруші едіңіз ғой, жаңа сатып алдым, – деп қояды. Мен мәзбін. Мені ойлап жүргеніне, өсіп жатқанына. Өзі жұмыс істеп ақша тапса, бұдан да күшті сыйлық ұсынып қуантатын түрі бар-ау деп қоямын іштей. Мұндайда ойға түрлі нәрсе түсетіні бар емес пе.

Бірде осы құлыным, жеті жасында болуы керек:

– Анашым, мен ендігі Жаңа жылда Аяз атадан «Айфон» сұрамайтын болдым, – деді.

– Е, неге? Арманың сол телефон емес пе, балам? – деймін мен.

– Жәрәәәйді, аға болып өскенде кө-өп жұмыс істеп, ақша тапқанда, өзім сатып ала салам ғой. Одан да сізді ешқашан қайтыс болғызбайтын сиқырлы таяқша сұрайын деп шештім.



– Кішкентай жүрегіңнен айналдым, құлыным! – деп бетінен сүйдім.

– Сіз қайтыс болмайсыз ғой, иә? Әйтпесе мен жылаймын. Менің де өлгім келмейді, жаман ғой қайтыс болып кеткен. Кеше кинода бір баланың мамасы жерге құлады да, басынан қан шықты, біраздан соң өліп қалды. Сосын баласы оны тірілте алмай қатты айқайлап жылады...

– Адам мәңгілік болу үшін не істеу керек, білесің бе, балам?

– Не істеу керек, айтшы, айтшы?

– Ол үшін осы бастан жақсы оқып, білімді, әдепті, тәртіпті болмақ керек. Жақсы бала ешқашан өтірік айтпайды. Компьютерде көп отырмай, таза ауада көп жүруің тиіс, спортпен айналысып, таңертең тәтті ботқаны тауысып жеуің қажет. Сосын есіктің алдындағы өз бетінше өмір сүріп жатқан зияны жоқ құмырсқаларды аяқпен таптап жаншуға болмайды.

– Мәссаға-ан, менің нағашы әжем бала кезінде тәртіпті болған екен ғой, ә, сексеееен жаста ғой қазір!

– Оляға (шілiңгір шілдеде үстіне пальто киіп алып, тал-теректі сүйреп жүретін, жүйке ауруына шалдыққан көрші қыз) тас атып, келеке етіп күлуге болмайды!

– Мен тас лақтырмадым Оляға, Алмастар ғой сөйткен. Сосын Оля ренжіп бізді, бәрімізді қуды.

– Сосын әрі қарай тыңда, балам: автобуста ата-апаларға, аға-тәтелерге орын беріп, біздің подъезге кіріп келе жатқан адамдармен де ылғи сәлемдесіп, үлкен кісі болса есік ашып, жол беру керек.

– Мен өткенде Даниалдың апасына сөйткем, есікті ашып күтіп тұрғанмын бірінші кірсін деп.

– Жарайсың! Демек, сен мәңгі жасайсың, балам! Ал сен ел мақтайтын жақсы азамат болсаң, мен де мәңгілік боламын, құлыным! – дедім.

Негізі, кинокартиналарда, түрлі мультиктерде көрсетілетін, кез келген арманыңды орындайтын «сиқырлы таяқшаны» иеленуді армандамайтын бала болмайды деп ойлаймын. Тек көбісі менің ұлым сияқты ішіндегі ойын ата-анасына жеткізе алмай жатуы мүмкін.

Әкелер, сіздер ренжи көрмеңіздер, бала жүрегі сіздердің де мәңгілік болғандарыңызды қалайды, тек риясыз тілегін ең бірінші болып осылай бізге жеткізіп жататыны болмаса. Тоғыз ай, тоғыз күн біздің құрсақта жатып, ауамен біз арқылы тыныстап, біз арқылы коректенетін болғандықтан, кез келген сәбидің ықыласы ең бірінші шешесіне ауып тұратыны да жазылмаған заңдылық шығар.

Бәріміз де аман болайық! Балалардың тілегі қабыл бола бергей!

ДАЛА АҢЫЗЫ

# *ЖӘНІБЕК пен ЖИРЕНШЕ*

**Әз-Жәнібек хан жігіт кезінде өзінің бір топ досымен серуен құрып келе жатса, алдынан бір бала кездесе кетеді. Жеті-сегіздер шамасындағы әлгі бала жалаң аяқ, үсті-басы жұлым-жұлым екен.**

– Бұл елсіз далада неғып жүрген баласың? – деп сұрайды Жәнібек.

– Сүтін ішіп жүрген жалғыз інгенім бар еді, содан айырылып қалып, осы даладан іздеп жүрмін, – дейді бала.

– Інгенді тұсап қойсаң етті?

– Тұсап жүруші едім, тұсауы үзіліп кетіпті.

Жәнібек те жастайынан естияр, ақылды екен. Жетім баланың өлген шешесін жұмбақтап айтқанын түсіне қояды.

– Е-е, сенің шешең өліп, ана сүтінен айырылған жетім бала екенсің ғой, кел, атыма мінгес, – деген Жәнібек әлгі баланы атына мінгестіріп, үйіне әкеліпті.

Суға түсіріп, таза киіндіріп, ыстық сорпа береді. Ауыл адамдары оны түсіне қарап «Жиренше бала» атап кетіпті.

Болашақ екі дана жас кезінен-ақ осылайша кездесіп, өле-өлгенше бір-біріне ақыл-серік боп кетіпті.

ӨНЕГЕ

# Екі көрші

**Баяғыда Алла қосқан екі көрші болыпты. Екеуі де бір ауылдан шыққан, жас аралықтары да құралпылас замандастар екен. Балалары да бір мектепке барып, үйдің алдындағы кішкентай аулада бірге ойнайтын көрінеді.**

Бірақ әлгі көршілердің біреуі баласына үнемі:

– Балам, велосипедіңді ешкімге бермей өзің ойна. Олар бекерге сындырып тастайды.

– Балам, мынаны ешкімге көрсетпей жеп ал.

– Балам, оларға есеп шығарып берме. Шаршап қаласың.

– Түскі асыңды өзің же, қарның ашып қалады. Олар өздері алып жесін.

– Ойыншықтарыңды ешкімге берме, ертең таппай қаласың, – деп отырады екен.

Ал екінші көрші керісінше 7 жастағы ұлына үнемі:

– Балам, мектепте тамақ сатып алсаң, қасыңдағы досыңа да бөліп бер. Кішкентай болса да жесін. Саған қарап қызығып қалмасын.

– Велосипедті кезектесіп тебіңдер. Ол саған қарап тұра ма, обал ғой.

– Ойыншықтарыңды өзің ғана ойнай бермей, арасында қасыңдағыларға да беріп тұр.

– Түскі ас алар кезде достарыңның ақшасы жетпей қалса, сен бере сал, – дейді екен.

Сөйтіп, не керек, әлгі екі көршінің балалары ержетіп, өз қолы өз аузына жететін жасқа келеді. Екеуі де оқу бітіріп, бір-бір әулетке ие болады. Қызметке тұрады.



«Велосипедті кезектесіп тебіңдер» деп үйреткен әкенің баласы айналасына сіңімді, туыс-туғанына қайырымы мол, жұғымды жігіт болады. Әріптестері елгезектігі, мәрттігі, кішіпейілдігі үшін сыйлайды. Ал әлгі «Балам, ешкімге көрсетпей жеп ал» деп тәрбиелеген әкенің баласы қара басының қамын күйттегіш, ешкімге пайдасы жоқ, сараң, әр нәрсеге сынғыш, күйгелек болып өседі.

Біз бұл мысалдан нені аңғарамыз?

Бала – біздің айнамыз. Біреудің бүгінгі бейнесі – кешегі үйіндегі тәрбиенің жемісі. Біз қоғамды өзіміз жасаймыз. Сондықтан болашағының баянды болуын қалаған ел ұрпағының ұлағатты болуына мүдделі болуы керек.

*(Мақсат Ысқақовтың «Фейсбуктегі» парақшасынан).*

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

# Құрғақ шөп өскен жер жыртылды

**Алматыда өрттің алдын алу мақсатында 200 гектар аумақта құрғақ шөп өскен жер жыртылды. Бұл ақпаратты қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Руслан Қасыбаев хабарлады.**



**Айнұр СЕНБАЕВА**

*Спикердің айтуынша, қазіргі таңда қала маңындағы құрғақ шөп өрті 52 пайызға азайды. Былтыр 162 факті тіркелсе, 2022 жылы 77 төтенше жағдай тіркелген. «Бүгінде өрт аумағы 80%-ға азайып, биыл 2,8 гектарды құраса, өткен жылы өртке оранған ағаштың жалпы көлемі 13,5 гектар болды. Өрттің шығуына көп жағдайда отқа абайсыз қарау және шабылмаған құрғақ өсімдіктер себеп болды»,* – деді Алматы қалалық ТЖД бастығы.

Руслан Қасыбаев жеке сектор тұрғындарына да қауіпсіздік төңірегінде ұсыныс айтты.

*«Біріншіден, кез келген азамат 101 немесе 112 телефондарына хабарласып, өрттің шығу орнын айтып, не жанып жатқанын нақтылауы керек. Мүмкіндік болса және өз өміріне қауіп төнбесе, өртті өшіруге әрекет жасағаны жөн. Қауіп төнген жағдайда, құтқарушыларды күткен абзал»,* – деді Руслан Қасыбаев. Сондай-ақ, ол биыл құрғақ шөптің өртенуі салдарынан жалынның тұрғын үйлерге жайылғанын атап өтті.

*«Алатау ауданының Шал Қолда көшесінің бойында 1000 шаршы метр аумақта құрғақ шөп өртеніп, қызыл жалын салынып жатқан жеке тұрғын үйге ауысты. Өртті сөндіруге 27 өрт сөндіруші жұмылдырылды, өрт бір сағат ішінде жойылды, зардап шеккендер жоқ»,* – деді спикер. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы мегаполис тұрғындары мен қонақтарын ауа райының ыстықтығын ескере отырып, темекі тұқылдарын құрғақ шөпке тастамауға, аумақты, әсіресе, бау-бақша учаскелерін құрғақ шөптен алдын ала тазартуға шақырды.

**2022 жылғы 10 тамызда, сағат 11.00-де Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайы бойынша орналасқан «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО аумағында, химиялық цехтың акт залында (307-каб.) «АлЭС» АҚ А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО күл-қожды шығарудың аралас жүйесінің 7-кезеңі» жұмыс жобасының Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.**

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана жүргізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға 60 минут қалғанда басталады.

Тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZZL3N6QVp0d1lSWXNwZ05GNjl1dz09

Конференция сәйкестендіргіші: 560 570 4660

Кіру коды: 7KLer7

Жобаға тапсырыс беруші: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254 03-27, 254-03-29.

**Жобаны әзірлеуші:** «Асанов Даулет Асанович» ЖК, заңды мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Қарбышев к-сі, 40, 163-пәтер, БСН 870512301041, байланыстағы тұлға: Асанов Даулет, e-mail: Даулет Асанов assanovd87@mail.ru, 8 777 148 53 39.

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, тел.: 8 (727) 972-18-39, 8 708 972 18 39.

Жоба бойынша құжаттама БЭП https://ecoportal.kz/ және ЖАО сайтына https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/contacts?lang=ruu.Prirp@almaty. gov.kz «Қоғамдық тыңдаулар» бөліміне орналастырылды.

Қағаз түріндегі жоба материалдарымен танысуға болатын мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, электрондық поштасы: e-mail: zarzyukova@ales.kz.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекенжайы және телефон нөмірі: e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Әуезов к-сі, 4, «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, тел.: 8 (727) 972-18-39, 8 708 972 18 39, электрондық мекенжайы: u.prirp@almaty.gov.kz.

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері

**Нұрмолда БАТЫРБЕКОВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты балалары мен туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

## БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

| |
|---|
| **65503 (жеке жазылушылар үшін)**<br>1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға – 3002,50 теңге |
| **15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**<br>1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 5 айға – 8102,50 теңге |
| **95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**<br>1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 5 айға – 2202,50 теңге |

**Анықтама үшін телефондар:**
**8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

## 2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

**«ALMATY AQSHAMY»**
жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**«ALMATY AQSHAMY»** –
алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

**Құрметті Түрксіб ауданының тұрғындары!**

2022 жылғы 13 шілде күні, сағат 11.00-де аудан әкімі Бақытжан Қожанбердіұлы Ақжаров Майлин–Монтажный–Магнитный көшелерінің тұрғындарымен кездесуін Гете, 263 мекенжайында орналасқан «Колос» мәдениет үйінде өткізеді.

Аудан әкімі қала басқармаларының өкілдерімен, аудандық коммуналдық қызметтің және құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге кездесуге дейін сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізеді.

**Анықтама үшін телефон: 223-11-64.**

**ТҮРКСІБ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ.**

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

**«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.**

**ЕГЕР:**
* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
**8 (727) 232-36-51;**
**8 (727) 232-36-56.**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**ЕГЕР:**
*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, белгілі қоғам қайраткері

**Қуаныш Құрмашұлы ҚҰРМАШЕВТЫҢ**

дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтады.

Бостандық ауданы Әкімінің аппараты және аудандық Ардагерлер кеңесі қоғам қайраткері және мемлекет қызметінің ардагері

**Қуаныш Құрмашұлы ҚҰРМАШЕВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ALATAY AQPARAT

Бас директор –
**Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ**

**Қабылдау бөлмесі:**
232-36-61.

Бас редактор –
**Төрехан ДАНИЯР**
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы –
**Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
**Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,**
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,**
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
**Дана ӘЛМЕШ,**
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
**Алия ЕСИМХАНОВА**
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alataý Aqparat» ЖШС.**
**alatayaqparat@mail.ru**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**
**Апталық таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –**
**Айнұр СЕНБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі,17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



# Айжанға бақыт тілейміз!

**«Almaty aqshamy» газетінің «Шаһар шаруашылығы» бөлімінің тілшісі, дарынды журналист Айжан Бүркітбаеваны отау құрып, ақ келін атанған айтулы күнімен құттықтаймыз!**

Айжан ата-ананың үмітін ақтап, жоғары білім алды. Елімізге танымал басылымдар мен телеарналарда жұмыс істеп, ұжымда өзін білікті маман ретінде көрсете білді. Енді міне, «жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету» демекші, Айжан қызымыз теңін тауып, өз жұртына ұзатылып барады. Жұбайлық өмірге қадам басқан екі жас – Шыңғыс пен Айжанға бақыт тілейміз. Айжанымыз Құдай қосқан жарына бақ болып қонсын, қосағымен қоса ағарсын! Ата-ананың ақ батасы қабыл болып, жас жұбайларға жаратқан жар болсын дейміз. Айжанға ақ жаулықты аналардың жолын беріп, үлкен әулеттің Отанасы болуына тілектеспіз.

**«ALATAÝ AQPARAT» ЖШС ҰЖЫМЫ.**

Балалар жылы 2022

# Гранттардың саны артты

Айнұр СЕНБАЕВА

**Елімізде өткен аптада колледждерге құжат қабылдау басталған болатын. Биыл Балалар жылында колледждерге 128 мың грант бөлініп, рекордтық көрсеткіштерге жетті. Бұл былтырмен салыстырғанда, 45 мыңға көп. Балалардың өз қалауындағы мамандықты игеруі үшін барынша жағдай жасалуда.**

Білім гранттары IT, құрылыс, инженерия, металлургия, автомобиль көлігін жөндеу және пайдалану, тамақтандыруды ұйымдастыру, туризм, қонақүй бизнесі, шаштараз өнері және басқа да көптеген мамандық бойынша бөлініп отыр.

Талапкерлерге ыңғайлы болу үшін құжаттарды қабылдау автоматтандырылған және eGov.kz «электрондық үкімет» порталы арқылы, сондай-ақ дәстүрлі форматта колледждердің өзіне тапсыруға болады. Талапкерлер үшін еліміздің 4 колледжіне бірден 4 мамандық бойынша құжат тапсыру мүмкіндігі бар.

Жұмысшы біліктілігіне түсушілер, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар әңгімелесу қорытындысы бойынша колледжге қабылданады. Педагогикалық, медициналық және шығармашылық мамандықтарға түсетін мектеп түлектері арнайы немесе шығармашылық емтихан тапсырады немесе әңгімелесуден өтеді. Оларды колледждердің қабылдау комиссиялары өткізеді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

# БӨЛЕК ТУЫП, БІРГЕ БАТҚАН ҮШ ЖҰЛДЫЗ

## Солардың алғашқысы Үркер жұлдызының «толғағы» басталды. Жүсіп Баласағұни бұл амалды «Бидай басы» деп атаған

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазақ Үркер, Таразы, Үш Арқар жұлдыздарын «бөлек туып бірге батқан үш жұлдыз» деп айтады. Үшеуі де жылдың әр мезгілінде туғанымен, бір күнде – мамыр айының соңына таман (жиырма тоғыз, отызы шамасында) «жерге кіріп», көрінбей кетеді. Сонан соң Үркер Сарша айында (шілде), Таразы тамызда, Үш Арқар қыркүйекте туады. Сол шоқжұлдыздар шоғыры көзге көрініп, жұптасып, көкке көтерілмей, шілденің аптабы басылмайтын көрінеді.

«Үркер толғағы» амалының келетін кезі, міне осы мезгіл. Үркерді орыстар «Дева» деп атайды. Тікелей мағынасында аударылғандықтан қазақшасы «Бикеш» делініп жүр. Ал Жүсіп Баласағұни «Бидай басы» деп атаған екен. «Жеті қарақшының» қызын ұрлаған Үркер осы.

Ғұлама ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұни мұндай болжамды жайдан-жай жасамаса керек. Үркер амалы кезінде дән атасы атанған бидай басын байлайды, дәні жұмырланып, нығыздалып қатаяды. Бүгінгі таңда Сыр бойында және оңтүстік өңірлерде бидайға орақ түссе, астықты Арқа аймағында бидай масағы қамырланып, бас байлауда, ол қатая келе дәнге, дән нанға айналады. «Бидай басы» делінуі осыдан болса керек.

Ал орыстың «дева» (бикеш) деуі негізсіз айтылған дүдәмал болжам. Табиғат амалдарына адамның, әсіресе өздерінің әулие сымақтарының атын қою оларға тән әдепсіз әдет. Біздің бабаларымыз шариғатқа емес, табиғатқа бой ұрған, әр затты өз атымен атаған.

Осының алдындағы пайымымызда сөз еткен «Бас шілде» амалы шығып барады. Өткен жолы жазғанымыздай: амал кезінде жаңбыр жауды, күн күркіреді, найзағай ойнады, аңызақ күндер де аз болған жоқ.

Аталмыш айдың алғашқы он күні бітісімен жұлдыздар шоғыры топтасып, жұптасып, көкке бағыт алады. Міне, сол Үркердің («Бидай басы») қазір толғағы жүріп жатқанын білдіреді. Ауа райының тұрақсыз болуы, күннің құрт ысуы, жаңбырдың жауы, бәрі-бәрі осы амалдың салдары. Үркер туған соң жер құрғайды, күн ысиды, шөптердің сабағы қатайып, өзі сарғаяды. Бұл малға да, жанға да жайлы кезең. Үркер амалы жаздың бел ортаға келгендігін білдіреді. Бұл мезгілде кейде ұзаққа созылған ыстық болады. Бүгін григорианша, шілденің – 9-ы, ай күнтізбесі бойынша, – 10-ы, ескіше (қазақша) – 4 күннен кейін жаңа ай басталады.

Аспан денелерінің білдіруі бойынша, алдағы аптада күн қызуы бұрынғы жылылық қалпын сақтамайды. Салқындық бой көрсетеді. Бірақ жауын-шашын болмайтын сыңайлы. Апта соңына қарай сәл салқындық көрініс беруі ықтимал.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

**Шілденің екінші он күніне жасалған жорамал:**

- **Көкек шақыруын тыймаса, жаз ұзаққа созылады;**
- **Ағаш жапырақтары сарғая бастаса – күз бен қыс ерте түседі.**
- **Масаның азаюы – ауа райының ыстық болатынының белгісі.**
- **Бұлтты күндер жиі болмақ. «Бұлттан шыққан күн ащы» деген.**

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

# Ақылы асқан

**Ой мен сананы қатар берген біз, адамдар ғана ақылды емес екенбіз, ақылды аң-құс, жануар, бақа-шаян да көп екен жер бетінде. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтейік.**

**ШИМПАНЗЕ.** Ең ақылды жануарлардың көшін бет-пішінімен де, ақылдылығымен де адамға қатты ұқсайтын шимпанзе бастап тұр екен. Ол азық іздегенде топпен жүріп, аң аулау айла-тәсілдерін ұйымдастыра алатын көрінеді. Олар іс-әрекет пен белгілер арқылы адаммен қарым-қатынасқа түседі. Ал ең басты қабілеті – осы символдар мен заттар арқылы өздерінің ойы мен сезімін жеткізуі. Ғалымдар олардың мұндай дәрежеге жетуінің себебі топтасып жүріп, қатал ережеге бағынудың әсерінен дейді.



**ДЕЛЬФИН.** Ақыл жағынан тек шимпанзеге ғана жол беретін сүтқоректі. Онда адамның ғана қолынан келетін іс-әрекеттерді жасай алатын икемділік, ептілік бар деседі. Ми құрылысының көлемі денесімен салыстырғанда 4-5 есе үлкен көрінеді. Дельфин өзін айнадан жақсы таниды.

**ҚАРҒА.** Зерттеушілерді ең таңқалдырғаны – қарғаның азық табу шеберлігі екен. Мәселен, осы құс аяқкиім бауынан қармақ жасай алады дейді. Ал жаңғақты жарып жеу үшін оны жоғарыдан жол үстіне көліктің астына тастайды екен. Айтпақшы, жолда көлік астына түсіп қалмауы үшін жасыл түстің жанғанын күтеді екен.

**ДОҢЫЗ.** Оның миы үш жастағы сәбидің ақыл деңгейіне сәйкес келеді екен. Ғалымдар шошқаның тапсырмаларды шешу икемін тексеру мақсатында компьютер ойынын үйретіп көрген. Зерттеу нәтижесінде оның шимпанзе секілді ойынның бастапқы ережесін меңгере алатыны анықталған. Ұзақ уақыт есте сақтау қабілетімен және иіс сезу мүшесінің жақсы болуымен ерекшеленеді. Сосын кез келген жағдайға тез бейімделе кететін хайуан.

**ТИІН.** Қолға тез үйретіледі. Ол есте сақтау, жылдамдық, ептілік, аңғарғыштық сияқты қабілеттерге ие. Олар адамға жақын аймақта өмір сүреді. Себебі, азығын үйдің қуыстарынан іздейді екен. Ал үй тиіні өзінің иесін танып, лақап атымен шақырғанда келеді.

**КӨГЕРШІН.** Айна алдында өзін танитын құс. Б.з.б. 3000 жыл бұрын қолға үйретіле бастаған. Кейде оны «ұшатын егеуқұйрық» деп атайды, себебі аурудың көптеген түрін осы көптерлер таратады. Есте сақтау қабілеті жақсы болғандықтан, алдындағы суретті бірнеше жаттығудан кейін дәл тауып бере алады. Белгілі қимыл іс-әрекеттерді қайталап бере алады. Бір қарағаннан-ақ екі заттың айырмашылығын байқайды екен.

**СЕГІЗАЯҚ.** Оның денесіндегі уға толы қалташасы жауынан қорғануға және азығын аулап жеуге мүмкіндік береді. Оған қандай да бір қауіп төнетін болса, улы сиясын шашып жібереді. Оның улы жаудың иіс сезу мүшесін нашарлататын сұйық зат бөлетін қасиетке де ие көрінеді. Қиын жағдайға тап болғанда өңін өзгерте алады.

**Дайындаған Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

| | | | |
|---|---|---|---|
| € EUR/KZT 483,06 теңге | $ USD/KZT 469,26 теңге | ₽ RUB/KZT 8,04 теңге | ¥ CNY/KZT 69,99 теңге |